



ЖАМБЫЛДАЙ ЖАҚЫН КІМІҢ БАР?

6-БЕТ | ҚОҒАМ



ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚАЙДА ДЕМАЛАДЫ?

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



ҰЛЫ ДАЛА – АЛЬФРЕДТИҢ КӨЗІМЕН

16-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“”

Өмірбек БАЙГЕЛДИ,  
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ:

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҚАНШАМА ҚИЙНШЫЛЫҚ КӨРГЕН КЕЗЕҢДЕРДЕН ЕСІН ЖИЫП, ЕТЕГІН ЖАПҚАН ТҮСТА ЕЛ ТІЗГІНІ ҚОЛҒА АЛҒАН ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ НҮРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ БАБАЛАР ТАРИХЫНА БАС ИЕ ОТЫРЫП, ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІП, ӨРЛЕТУГЕ ӨЛШЕУСІЗ ҮЛЕС ҚОСТЫ. СОЛ БАЯҒЫ ЕУРОПАНЫ ҮШ РЕТ АЛҒАН, ӘЛЕМНІҢ ТӨРТТЕН БІРІНЕ ӨМІРІН ЖҮРГІЗГЕН ТЕКТІ БАБАЛАРЫМЫЗ СЕКІЛДІ МЕМЛЕКЕТТІ ТҮЛЕТІП, ӘЛЕМ САНАСАТЫНДАЙ ЖАҒДАЙҒА ЖЕТКІЗДІ. БІЛЕК КҮШІМЕН ЕМЕС, БІЛІМІМЕН, КЕМЕҢГЕРЛІГІМЕН АЛДЫ.

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

№69 (4193) Сейсенбі 15 маусым 2021 жыл

ELORDA АППАРАТ

# ASTANA

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ А Қ Ш А М Ы 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ

## ASHYQ ҚОСЫМШАСЫМЕН ҚАБЫЛДАЙДЫ

Бүгінде Ashyq қосымшасы арқылы кәсіпкерлік, мәдениет және спорт нысандары жұмыс істеп жатыр.

Енді Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің (2021 жылғы 11 маусымдағы №27) қаулысына сәйкес, еліміздің барлық қаласындағы халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚО) да тұтынушыларды Ashyq сервисі арқылы қабылдайды. Теріс немесе бейтарап мәртебесі бар азаматтар мемлекеттік қызметтерді кезекті брондамай-ақ ала алады.

Егер азаматтардың смартфонында Ashyq қосымшасы болмаса, олар таяуда ғана Ashyq функционалы енгізілген eGov mobile, Kaspi.kz және Halyk Homebank қосымшаларын пайдалана алады. Тіпті аталған қосымшалар болмаған жағдайда азаматтардың мәртебесін ХҚО қызметкері ұсынған ЖСН бойынша анықтай алады. Қалалардың әрбір фронт-офисінің кіреберісінде сканерлеу үшін арнайы дербес QR код ілінген. Мәртебені нақтылау барысында «сары» не «қызыл» мәртебесі бар азаматтар анықталған жағдайда олар ғимаратқа кіргізілмейді.

## ҮЗДІКТЕР ҮМІТІ ҮЛКЕН

Кеше елорда әкімі Алтай Көлгінов Орталық саябақтағы амфитеатр алаңында өткен мектеп түлектеріне «Алтын белгі» төсбелгілерін тапсыру салтанатына қатысты. Биылғы жылы Нұр-Сұлтанда 7471 түлек мектеп бітірсе, оның ішінде 403 оқушы «Алтын белгінің» иегері атанды». 367 оқушы үздік диплом алды. Есіл бойындағы ашық аспан астындағы ақ күмбезді театр алаңына жиналған ата-аналардың қуанышында шек жоқ. Қуанбай қайтсін...

2

## ЖАЯУ ЖҮРІП ЖАЛЫҚПАЙСЫҢ...

Елордада қала қонақтары мен тұрғындарына арналған тағы бір демалыс алаңы ашылды. Жаңа парк Әзірбайжан Мәмбетов және Кенесары көшелерінің қиылысында орналасқан. Мұнда кәсіпкерлер үшін де, спортсүйер қауым үшін де барлық жағдай жасалған. «Demalys promenade» (демалыс жағалауы) деп аталатын желекжолда қала әкімдігінің ұйымдастыруымен әр демалыс сайын түрлі мерекелік бағдарламалар өткізіліп тұрады. Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Demalys promenade-тың ашылу салтанатына куә болып, халықпен тілдесіп қайтты.

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



## АЙМАНОВҚА АРНАЛҒАН МУРАЛ

Елордада қазақтың әйгілі актері, дарынды режиссер Шәкен Аймановтың Алдар көсе бейнесінде тұрған жаңа муралы ашылды.

Бұл картина «Алдар көсе» фильміндегі стоп-кадрдан алынған. Көсе рөлін қазақ фильмінің негізін қалаушы Шәкен Айманов ойнаған болатын. Суретте театр әлемін айқындайтын қызыл перде арқылы дала образындағы шынайы өмірдің бейнесі бар шығармашылық әлем көрсетілген. Мурал Жақып Омаров көшесі, 64 үй мекенжайындағы «Театральный» бульвары мен «DEMALYS PROMENADE» жаяу жүргіншілер көшесінің ортасында орналасқан.



«ASTANA AQSHAMY»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 518.7 \$ USD/KZT 428.15 ₰ RUB/KZT 5.85 ¥ CNY/KZT 67.19

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№69 (4193) 15/06/2021 Сейсенбі

## ПРЕЗИДЕНТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Нафтали Беннеттің Израиль Мемлекетінің Премьер-министрі болып сайлануына байланысты Қазақстан халқының және жеке өз атынан құттықтау жеделхатын жолдады. «Қазіргі уақытта Израиль әлемдік деңгейде экономикасы қарқынды дамыған, үздік инновациялық технологиясы арқылы халқының әл-ауқатын арттырған халықаралық қауымдастықтың беделді мүшесі ретінде танылды. Осы ретте еліңіздің жетістіктері мен мерейін әрі қарай еселеуге бағытталған Сіздің бастамаларыңыз бен жоспарларыңыздың толық та табысты жүзеге асуына тілектеспін» делінген жеделхатта.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Израиль арасындағы саяси, сауда-экономикалық және мәдени салалардағы өзара тиімді байланыстарды дәстүрлі достық пен өзара сенім рухында нығайтуды ортақ мақсат деп санайды. Сондай-ақ осы игілікті жолда күш-жігер жұмылдыруға дайын екенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Нафтали Беннеттің жауапты қызметіне мол табыс пен сәттілік, ал достас Израиль халқына бақ-береке тіледі.

## ПАРЛАМЕНТ

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевтың төрағалық етуімен бюро отырысы болып, онда депутаттар Сенаттың 2021 жылғы 17 маусымға жоспарланған отырысының күн тәртібін бекітті. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «2020 жылға арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы» есебі туралы мәселе кезекті отырыстың күн тәртібіне енгізілді. Сенаторлар Палатаның алдағы отырысында «Мемлекеттік фельдъегерлік байланыс туралы» заң жобасын ілеспе түзетулерімен қарайтын болады. Құжат фельдъегерлік байланыстың міндеттері мен қағида-тәртіпін заңнамалық тұрғыда бекітуге, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет саласындағы қызметкерлердің құқықтары мен міндеттерін айқындауға, олардың құқықтық жағдайын реттеуге, сондай-ақ әлеуметтік кепілдіктер белгілеуге бағытталған. Заң жобасын қабылдау қызметінің құқықтық, ұйымдастырушылық негіздерін және қызметкерлердің мемлекеттік органдарымен өзара жедел іс-қимыл тәртібін айқындайды.

## ҮКІМЕТ

Бүгін Үкімет үйінде Үкімет отырысы өтеді. Күн тәртібінде мынадай мәселелер қаралады: санитариялық-эпидемиологиялық жағдай; экологияны жақсарту мәселелері; қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету шаралары. Үкімет отырысы PrimeMinister.kz сайтында және әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарында онлайн режимде көрсетіледі.

## АУҒАНСТАН ӨКІЛІМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге жұмыс сапарымен келген АҚШ-тың Ауғанстандағы татуластыру жөніндегі арнаулы өкілі Залмай Халилзадты қабылдады.



Кездесу барысында Ауғанстандағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша Қазақстан мен Америка арасындағы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті дамытудың перспективалары, соның ішінде, АҚШ пен НАТО әскерлерінің осы елден шығарылу барысы қарастырылды. Сонымен қатар Ауғанстан мемлекетінің тұрақтылығы мен әлеуметтік-экономикалық дамуын қайта қалпына келтіру жөніндегі екіжақты және көпжақты іс-қимылдарды үйлестіру мәселесі де сөз болды. Президент Ауғанстанның, Ресейдің, Қытайдың, Орталық Азия мемлекеттерінің және халықаралық ұйымдардың басшыларымен жүргізген келіссөздерінде ауған проблемасы үнемі

назарда болатынын жеткізді. Өз кезегінде Залмай Халилзад Қасым-Жомарт Тоқаевқа жеке кездесуге мүмкіндік бергені үшін алғыс білдірді. АҚШ-тың арнаулы өкілі Қазақстан Президентінің Ауғанстандағы тұрақтылықты қалпына келтіруге бағытталған халықаралық іс-қимылдарға қосқан үлесін жоғары бағалап, еліміздің Орталық Азия өңіріндегі тұрақтылықты сақтаудағы маңызды рөліне тоқталды. Әңгімелесу барысында Залмай Халилзад Ауғанстандағы қазіргі ахуалға баға беріп, ауғанаралық бейбіт процесті одан әрі дамытуға, ауған бағытындағы барлық мүдделі тараптардың күш-жігерін үйлестіруге қатысты АҚШ дипломатиясының ой-пікірін ортаға салды.

## «САҚАЛДЫ» ҚҰРЫЛЫСТАР ЕКІ ЕСЕ АЗАЙДЫ

Кеше қала әкімі Алтай Көлгінов үлескерлер саны 2 мыңнан астам отбасын құрайтын қаланың ең проблемалы құрылысының барысымен танысты. Солардың бірі «Шығыс» тобының бірнеше тұрғын үй кешенінен тұратын көппәтерлі тұрғын үйлерін аралап, көрді. Бұл туралы әкім өзінің инстаграм парақшасында баяндады.

Қала басшысының айтуынша, ұзақ уақыт салынған бұл үйлердің құрылысын «өлі нүктеден» жылжыту үшін ауқымды дайындық жұмыстары жасалған: қаржы бөлініп, техникалық, қаржылық аудит жүргізілген, ТК барлық блоктарына мердігерлер анықталған. «Құрылысы ұзаққа созылған үйлердің ар жағында мыңдаған адамдардың тағдыры тұр. Үлестік құрылыс нысандарындағы жағдай әртүрлі: бір жерде құлап, қирау қаупіне байланысты тұрғын үй кешендерін бұзып, қайта салып жатырмыз, бір жерде құжаттар дұрыс болмады, екі-үш есе сату фактілері анықталды. Бірінші кезекте ұзақ салынған нысандарға техникалық аудит жүргізу қажет болды, өйткені бәрінен де үйлердің қауіпсіздігі: іргетастың беріктігі, сол үйде тұратын адамдардың амандығын ойладық» дей келе, әкім «Шығыс» тобы тұрғын үй кешендері бойынша 1А және 1В блоктарында қасбеттік жұмыстар жүргізіліп, терезелер мен лифтілер орнатылғанын, инженерлік желілер жүргізілгенін айтқан.

«Осы кешенде ішкі әрлеу жұмыстары жүргізіліп, абақтандыру жұмыстары басталды. 2А және 2В блоктарында үйдің қаңқасы толықтай жасалды. Мысалы, 2А блокта үйдің қаңқасы нөлдік циклден көтерілді. Сондай-ақ тұрғын үй кешенінің шатырын салу жұмыстары жүргізілді, қазір терезелер мен лифтілерді орнату жұмыстары басталды. 3А және 3В блоктарында үй шатырлары мен қаңқасы бойынша осыған ұқсас жұмыстар жүргізілді. Терезелер, лифтілер орнатылады. 4А блогында (1-кезек) монолитті жұмыстар,

тас қалау, терезелерді орнату, сондай-ақ қасбеттік жұмыстар жүргізілуде. Құрылыс жұмыстарын аяқтап, тұрғын үй кешенінің бұрын аталған блоктарын ағымдағы жылы пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Бір жарым жылдың ішінде ұзақ салынып жатқан үйлердің саны 2 еседен астам азайды. Биыл 50-ден аса көппәтерлі тұрғын үйдің құрылысын аяқтауды жоспарлап отырмыз» деді әкім өз сөзінде. Нәтижесінде тағы 7 мыңнан астам үлескер жеке пәтерін кінәлі алады. Осындай әр нысан бойынша мұқият есептелген іс-шаралар жоспары жасалған.

Осы күні әкім әлеуметтік тұрғын үйлер құрылысын да аралап шығып, биыл 10 мың пәтер тапсырылатынын мәлім етті. «Біз жүйелі түрде жұмыс істейтін мәселелердің бірі – әлеуметтік тұрғын үйлер құрылысы. Бүгін Есіл ауданының Жағалау шағын ауданында орналасқан бірқатар қолжетімді тұрғын үйдің құрылысы қалай жүргізіліп жатқанымен таныстым. Құрылыс қарқынын үдетуді, үйлердің сапасына және айналасының абақтандырылуына мән беруді тапсырдым. Бұдан бұрын үйлердің бірінші қабатын бизнеске бермей, тұрғындарға қажетті әлеуметтік нысандар: оңалту орталықтарын, медициналық орталықтар, балалардың бос уақытын өткізетін орталықтар, полиция тораптарын ашу туралы шешім қабылдағанбыз. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қолжетімді тұрғын үйді көбірек салудамыз» деді әкім.



## ҮЗДІКТЕР ҮМІТІ ҮЛКЕН

karkynktem@gmail.com

Көктем ҚАРҚЫН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Дәл осы күні біреуінің тұңғышы, ал біреуінің сүт кенжесі он бір жыл артық үмітін ақтап, қала әкімінің қолынан «Алтын белгі» алмақ. Бірыңғай мектеп формасын киген ұлдар мен ақ бантикті қыздардың көздерінде болашаққа артқан үлкен сенімдері мен армандары лаулап тұр. Дәстүрлі «Алтын белгі» төсбелгісін табыстау рәсіміне Сенат, Мәжіліс, қалалық мәслихат депутаттары, аудан әкімдері мен Білім және ғылым министрлігінің өкілдері қатысты. Іс-шара толығымен санитарлық норма талаптарын сақтай отырып өткізілді. «Бұл күн – баршамыз үшін ерекше сәт. Биыл пандемиялық шектеулерге қарамастан оқушылар абыроймен оқып, ең маңызды емтихандарды тапсырып үлкен марапатқа ие болып жатыр. Мектеп бітірген 7000-нан

астам түлектің ішінен 403-і алға суырылып шығып, Алтын белгі иеленді. Бұл – ең бірінші оқушылардың еңбегі мен білімге деген құштарлығының нәтижесі. Екінші – мұғалімдердің аянбай берген еңбегі мен кәсібилігінің арқасы. Түлектердің алдында әлі талай емтихан мен сынақтар кездеседі. Жастар осы талабынан қайтпай ары қарай білімдерін шыңдап, еңбек етсе бәріне қол жеткізеді. Оңай ештеңе болмайды. Елбасымыз да, Президентіміз де білім саласына баса назар аударып келеді. Қазір шекаралар ашық, түлектер әлемдік жоғары оқу орындарына түсе алады. Цифрлы технология мен заман талабына сай жаңа мамандықтарға сұраныс артып жатыр. Сондықтан түлектерді мамандық тандағанда қателеспеге шақырамын» деді қала әкімі Алтай Көлгінов.

Орталық саябақтың амфитеатрының алаңында 403 үздік түлектердің таныстырылымынан кейін олар қонақтар алдында мектеп өмірімен қоштасып өнер көрсетті. Сондай-ақ түлектер мен ата-аналарды қазақ эстрадасының жұлдыздары құттықтап, музыкалық сәлем жолдады. «Мен елордадағы ең жанашыр,



ең білікті ұстаздардан тәлім алғанымды мақтан тұтамын. Елбасы өз Жолдауында Қазақстанның болашағы жастардың қолында деп бізге үлкен сенім артты. Осы сенім үлкен күш берді. Алтын белгі алу – мен үшін ғана емес, біздің отбасымыз үшін көптен күткен айтулы сәт. Болашақта аудармашы болуды армандаймын. Адал еңбек етіп, әлі де ізденіп білім алудан шаршамаймын» деді мектеп бітіруші Баян Жақсыбекова.

Марапаттау рәсімінің соңы ақын Зәуре Оспанованың сөзі мен музыкасына жазылған «Виват, Алтын белгі!» әнімен аяқталды. Мерекелік ән Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы үлгілі оркестрінің сүйемелдеуімен орындалды.

## ӘЛЕМ АСТАНАЛАРЫ



### ВАШИНГТОН

Америкалық Майкл Пакард бүкір кит жұтып қойғаннан кейін де аман қалды. Мұхит жағасында лобстер аулап жүргенде оған аяқ астынан бір су жануары секірген, сосын ол қараңғы жерге тап болған. Өзін ол ақула жұтып қойды деп ойлайды. Бірақ әлгі мақұлықта тіс болмапты. Сол кезде ол киттің ішінде қатты жұлқынып қозғала бастайды. Лоқсыған жануар су бетіне көтеріліп, оны шыдамай құсып жібереді. Аздап жарақат алғанмен, ол аса зардап шекпегі. Ғалымдар мұндай жағдай өте сирек болатынын және киттер әдетте адамға қауіп тудырмайтынын, байқамай жұтып қоятынын айтады.



### АНКАРА

Түркия астанасында «Стамбул» деп аталатын жаңа каналдың құрылысы басталады. Бұл канал Босфор бұғазын айналып өту жолы ретінде салынады. Ауқымды құрылысты бастау рәсімі биыл 26 маусымда өткізіледі. Жергілікті БАҚ-тың мәлімдеуінше, бұл салтанатты шараға Түркия президенті де қатысып, елдегі осындай алтыншы канал болғалы тұрған құрылыстың іргетасын қалайды. Бұл құрылыс туралы Режеп Тайып Ердоған 2011 жылдан бері айтып келеді. Су каналы Қара және Мәрмәр теңіздері арасына жол салуға арналған.



## КІТАПҚҰМАРЛАР ҚАЛАСЫ

Байқоңыр ауданының әкімдігі мен Қазақстан Жазушылар одағы Нұр-Сұлтан қалалық филиалы бірлесіп, Қаламгерлер аллеясында «Ашық аспан астындағы кітапхана» шарасын ұйымдастырды. Шараны Қазақстан Жазушылар одағы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының директоры Дәулеткерей Кәпұлы алғысөзімен ашты.

– Бұл жиынды ұйымдастырудағы басты мақсат – мектеп оқушылары арасында кітап оқу мәдениетін насихаттау болып табылады. Келесі айда осы жерде ашық аспан астындағы кітапхана салынады. Әр сенбі сайын ақын-жазушылардың оқырмандармен кездесулері ұйымдастырылады. Қала күні қарсаңында Қаламгерлер аллеясында Әлихан Бөкейханұлы, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров сияқты Алаш ардақтарының ескерткіштері қойылады. Жалпы ел астанасы әдебиет пен мәдениеттің, руханияттың үлкен ордасына айналуға, – деді Дәулеткерей Кәпұлы.



Өз кезегінде Байқоңыр ауданы әкімінің орынбасары Ерлан Жаулыбаев қала тұрғындарының рухани, мәдени сұранысын өтеуге бағытталған осынау шараларға қолдау білдіруге дайын екендігін жеткізді.

Жиында ақындар Олжас Қасым, Ұларбек Дәлей, Алпамыс Файзолла өлең оқып, дәстүрлі

әнші Күнсүлу Түрікпен әсем әнінен шашу шашты. Байқоңыр ауданының тұрғындары, Абай, Жамбыл атындағы мектептердің оқушылары қатысқан басқосуда №2 және №5 балалар кітапханасы кітап көрмесін ұйымдастырды.

Шынболат АТЫХАНҰЛЫ

## ЗАУЫТ ҚАЙДА САЛЫНАДЫ?

Нұр-Сұлтанда қоқыс өртеу зауыты қала сыртындағы қазіргі полигон ауданында салынады. Бұл туралы Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев мәлімдеді.

naima.kz.2012@bk.ru

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

«Нұр-Сұлтан қаласының тұрмыстық қалдықтарын өртеуін зауыттың құрылысы қаланың сыртында жоспарланған. Қазіргі полигонның ауданында салынады. Бүгінде ол жерде қоқыс

сұрыптау желісі орнатылған. Зауыт дәл сол жерде салынады» деді Мағзұм Мырзағалиев халық алдындағы есептік кездесуінде.

Сондай-ақ ол аталған зауыт еуропалық стандарттар негізінде бой көтеретінін айтты.

«Бұл мәселе жұртты қатты алаңдатып отырғанын түсінемін. Бірақ біздің тараптан жан-жақты әрі терең талдаулар, зерттеулер жүргізілді. Қазір бізде қоқыстың 82-83 пайы-

зы жерге көміледі. Полигондар арқылы бұл мәселені шеше алмаймыз. Елімізде 3,5 мыңнан астам полигон бар. Сол полигондардың 18 пайызының ғана ахуалы салыстырмалы түрде жарамды. Сондықтан мәселені кешенді және жүйелі түрде шешу керек. Біз ұсынып отырған еуропалық механизм осы мәселенің кешенді шешімі болып саналады. Швеция экологиялық тұрғыда ең таза елдердің бірі екенін білесіздер. Бірақ сол елге Еуропаның бүкіл елдерінен өзен арқылы қалдықтар келеді. Финляндия туралы да осыны айтуға болады. Соңғы 10 жылда бұл елдегі экологиялық жүйе де өзінің тиімділігін көрсетті» деді министр.

## ЕРЕКШЕ ЖОЛ ПАЙДА БОЛДЫ



Нұр-Сұлтан қаласында Жетісу саябағы мен Сарайшық көшесіндегі «Премиум» тұрғын үй кешені аумағындағы жолайықта жаяу жүргіншілер жолын проекциялық жарықтандыру жобасы іске қосылды.

Әкімдік мәліметінше, аталған учаскеде көлік қозғалысы ерекше қарқынды. Бұл учаске жаяу жүргіншілердің жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламасы аясында таңдалды. Мұнда жаяу жүргіншілер өткелі жол белгісі және таңба проекцияларымен біріктірілген. Осы орын түнде төрт жарықдиодты проектордың көмегімен жарықтандырылады. Автокөлік жүргізушілері әрі жаяу жүргіншілер кез келген ауа райында жолдағы ақ-сары жолақтар мен белгілерді анық көре алады. Бұл технология елімізде алғаш болып Нұр-Сұлтанда қолданылып отыр.

## КАРТОП НЕГЕ ҚЫМБАТТАДЫ?

Ауыл шаруашылығы министрлігі өкілдерінің мәлімдеуінше, Қазақстанда картоп жеткілікті. 11 маусымдағы жағдай бойынша республикада 70 мың тоннадан астам әлеуметтік маңызы бар азық-түлік қоры бар. Дегенмен неге картоп бағасы қымбаттап отыр?

Белгіленген тұтыну нормаларына сәйкес, елдегі картоп қоры жарты айдан астам уақытқа жетеді, яғни жылына халықтың жан басына шаққандағы тұтыну мөлшері 95 келі болғанда, елімізде күніне 4,9 мың тонна картоп пайдаланылады. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, жыл басынан бері картоптың құны 48,6 пайызға өскен. Бұл өсім маусымдық сипатқа ие. Мысалы, 2020 жылғы дәл осы күні статистика органдары 46 пайызға жуық өскенін тіркеген.

Министрліктің қазіргі бағаларға қатысты берген мәліметі бойынша күнделікті баға мониторингі картоптың 1 келісінің бөлшек сауда бағасы 138-450 теңге аралығында болатынын көрсетеді. Бүгінгі таңда ең төмен баға Қостанай (138 тг/кг) және Ақтөбе облыстарында (166 тг), ал ең жоғарғысы Нұр-Сұлтан қаласында (225-450 тг), Солтүстік Қазақстан облысында (320-340 тг), Шығыс Қазақстан облысында (335 тг) және Қарағанды облысында (270-310

тг) тіркелген. Елордалық базарлар мен сауда нысандарының мониторингі бүгінгі күні картопқа деген сұраныс жоқ екенін көрсетті. Ассортиментте былтырғы жылғы да, жаңа дақылдың картоптары да бар және сатылып жатыр. Сонымен қатар, тауарлардың жеткілікті болуына байланысты баға төмендеп келеді. Өткен жылғы картоп сапасына қарай, келісі 120 теңгеден 200 теңгеге дейін сатылады. Биылғы өнім елордадағы «Шарын» және «Шапағат» сауда орталықтарында 280-320 теңгеден, «Евразия», «Магnum» және «Смолл» сауда орталықтарында келісі 400-450 теңгеден сатылады.

Жағдайды талдау маусымдық бағаның өсуіне делдалдар мен сауда объектілерінің үстеміні көп қосқаны әсер еткенін көрсетіп отыр. Маусым айынан бастап оңтүстік аймақтарда ерте пісетін көкөністер мен картоптың жаңа өнімі жаппай жинала бастады. Мұнда биылғы картоптың бағасы тоннасына – 175-200 мың



теңге аралығында. Жақын арада жаңа өнімдерді жеткізу нарықтағы бағаға едәуір оң әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты өңірлердің жергілікті атқарушы органдарына ерте пісетін картопты Түркістан облысынан сатып алу ұсынылады. Биылғы картопты Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының нарығына жеткізуді ұйымдастыру үшін оператор ретінде «Азық-түлік корпорациясы» ҰҚ» АҚ-ны іске қосу қажет. Сондай-ақ әкімдіктерге ауыл шаруашылығы өнімдерін қолжетімді бағамен жеткізе отырып, жәрмеңкелер ұйымдастыру ұсынылады.

### АШХАБАД

Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердымухамедов «Түрікменстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына» арналған медальді шығару туралы заңға қол қойды. Медаль саяси, экономикалық, мәдени салаларда зор жетістіктерге жеткен азаматтарға беріледі. Марапатты тіпті шетелдік азаматтар да ала алады. Мемлекет басшысы сонымен қатар «Тәуелсіз Түрікменстанның отан қорғаушысы» медалін де бекітті. Бұл награда әскери қызметкерлер мен елдің егемендігін сақтау жолында ерекшеленген қызметкерлерге табысталады.



### РИО-ДЕ ЖАНЕЙРО

Бразилияда Оңтүстік Америкадағы ең ірі жел электр стансасы іске қосылды. Enel Green Power компаниясы енгізген бұл станция Lagoa dos Ventos деп аталады, оның қуаттылығы – 716 МВт. 230 жел турбиналарынан тұратын стансаны салуға 750 млн доллар кетті. Жел парк қуаттылығының өте жоғары болуының арқасында ең мықты жел электр стансасы деген атқа ие болды. Оны пайдалану арқылы көмір қышқыл газының ауаға бөлінуі жылына 1,6 млн тонна қысқарады деп күтіліп отыр.

## ЭЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

– Былтыр соңғы тоқсаннан бастап барлық жерде оқушылар қашықтан оқуға көшті. Биыл жаңа оқу жылында оқушылар мектепке барып оқи ма?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– 1 қыркүйектен бастап жаңа оқу жылы басталады. Оқу форматы ұжымдық иммунитет пен педагогтардың екпе алу көрсеткішіне байланысты болады. Қазір мұғалімдердің екпе салдыру көрсеткіші 40 пайыздан асты. Бірақ бұл мектептерді оффлайн форматта ашу үшін жеткіліксіз. Оқушылар да, ата-аналар да оффлайн оқыту форматына оралғысы келеді деп айтсам, қателеспеймін. Өйткені мұғалім-

оқушы тет-а-тет форматында білім алғанға ештеңе жетпейді. Ұжымдық иммунитетке қол жеткізе отырып, бала бұрынғы қалыпты өмірге орала алады. Барлық қоғамдық орындар ашылып, қызметкерлер қашықтан жұмыс істеу форматынан оралып, оқушылар оффлайн форматта оқи бастайды, бизнес нысандары да бұрынғыдай жұмыс жасайды. Индетті жеңу әрқайсымызға байланысты екенін естен шығармаған жөн.

## АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ, елорда тұрғыны:

– Вакцинаның бірінші дозасын алған адам сырқаттанып қалса, екіншісін қашан алуына болады?

Оқырман сауалына №12 қалалық емхананың эпидемиолог-дәрігері Данара Укиева жауап береді:

– Аурудан кейін антиденелер алты ай бойы сақталады. Вакцина алмай тұрып алдымен антиденеге ИФТ-тест тапсыру керек. Егер вакцинаның бірінші дозасын алған науқас ауырып қалса, екіншісін салдыру үшін алты ай күту қажет. Антиденелер саны белгілі бір титр мөлшерінен асып кетсе, онда вакцина алуға болмайды. Ал антиденелер саны аз болса вакцина қажет, әйтпесе, ауырып қалуыңыз мүмкін. Әр

ағзаның дербес және антиденелердің жойылу жылдамдығы әртүрлі екенін түсіну керек. Науқастанған адам екпе пунктіне келеді, келісімге қол қояды, терапевт медициналық тексеруден өтеді және осыдан кейін ғана дельтоидты бұлшық етке вакцинаның бірінші дозасын алады. Содан кейін бейдж беріліп күту аймағына жіберіледі, онда 30 минут мамандардың бақылауында болады. Вакцинаны 18 жасқа дейінгі адамдар, жүкті және емізетін әйелдер, аллергиялық реакциялар мен созылмалы аурулары бар адамдардан басқалар алуға тиіс.

## АСТАНА АУДАНЫ

Есіл ауданындағы Тұран даңғылынан Шабдал Бейсекова көшесіне дейінгі учаскеде №27 көшенің құрылысы басталды. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы мәлім етті.

Аталған жұмыс жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ПД әкімшілік полиция басқармасының келісімімен жүргізіледі. Биыл 14 маусым мен 5 шілде аралығында Тұран даңғылы мен Ұлы Дала көшесінің қиылысында автокөлік қозғалысы жартылай жабылатын болады. Аталған учаскеде жол қиылысын жөндеу жұмыстары жүргізілетін

болады. Аталған басқарма өкілдерінің мәлімдеуінше, қала жолдарында кептеліс тудырмау үшін елорда тұрғындары мен қонақтары қозғалыс бағытын алдын ала жоспарлауы қажет. Сондықтан басқарма өкілдері келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім өтініп, жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне қалалықтардың түсіністікпен қарауын сұрайды.

## Өңір өмірі

Шығыс Қазақстан облысының археологтары мен ғалымдары 14 мемлекеттің кітапханаларында жұмыс істеп, тарихи құнды деректерді жинақтауды жоспарлап отыр.

Еліміздің жетекші тарихшылары мен ғалымдары Ватикан, Қытай, Түркия, Ресей, Иран, Ұлыбритания кітапханаларында орналасқан қолжазбалармен жұмыс істейді. Сондай-ақ «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жиналған талдамалық материал пайдаланылады. Трилогияның бір томы Шығыс Қазақстан аумағындағы қазба жұмыстары барысында табылған археологиялық қазбалар мен артефактілерге арналған. Шежіреде ғалымдар

ел тарихы үшін маңызды және айтулы оқиғаларға ден қоймақ. Трилогиядағы «Халық мақтаншы» тарауы ерекше орынға ие. Онда еліміздің жетекші ғалымдары мен қоғам қайраткерлерінің өмірінен жаңа деректер жарияланады. 2022 жылдың мамыр айына қарай 2 томның авторы Зейнолла Самашев өз жұмысын аяқтайды. Трилогия қазақстандықтарға тарихи оқиғалардың орнын толтыруға және көптеген сұрақтарға жауап алуға көмектеседі.

## 2004

ray77781@mail.ru

Райхан РАХМЕТОВА

Тәуелсіздіктің бір мүшелінде ұлттық экономика біршама ілгері дамып, барлық салада толайым табыстарға қол жеткіздік. Жұмыссыздар саны төмендеп, мемлекеттің әлеуметтік саланы оңалтуға қатысты саясаты мығымдалды. Қазақстан ТМД кеңістігінде әлеуметтік экономикалық саясаттағы жетістігімен әріптестеріне қарағанда оқ бойы озғанын көрсетті. Осы жылғы зерттеулер нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық дамуығы табыстарының негізгі өлшемдері бойынша Қазақстан Орталық Еуропаның бірқатар елдеріне барынша жақындай түсуге мүмкіндік алды. Жыл қорытындысында Дүниежүзілік банктің сыныптамасы бойынша Қазақстан ендігі жерде орта деңгейден жоғары табысы бар мемлекеттердің тобына жататын болып есептелді.

АҚОРДА —  
ПРЕЗИДЕНТ  
РЕЗИДЕНЦИЯСЫ

«Ақорда» деген айшықты атаумен қазақ тарихын бүгінгі заманға ұштастырып тұрған осынау алтын шаңырақ — ел сәулет өнерінің ең үздігі. Ресми тілде Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы, сәулетшілердің тілімен айтқанда, жаңа әкімшілік орталықтың жинақтаушы тұғыры.

Резиденция өзіне ең таяу деген құрылыстардан 300 метр жерде, биіктігі 6 метр жасанды жотаның үстінде оқшау тұр. Негіз, кескін ретінде классикалық кубиктік форма таңдалып алынған. Ғимарат колонналар арқылы салтанатты ренде, сырт қарағанда әрі жеңіл.

Резиденция құрылысы

2001 жылы басталды. Аса маңызды мемлекеттік нысанды салу үшін 26 ұлт өкілдері және әлемнің ондаған елінің мамандары мен жұмысшылары еңбек етті.

Қазақстан Республикасы Президентінің жаңа резиденциясының ресми тұсаукесері 2004 жылғы 24 желтоқсанда өтті. Ғимараттың жалпы ауданы — 36720 шаршы метр. Ғимарат құрылыстағы ең соңғы заманауи әдістер мен озық инженерлік құрылыстарды қолдану арқылы монолиттік бетоннан тұрғызылды. Үшкір төбесімен қоса алғандағы ғимарат биіктігі — 86 метр. Ғимарат жер үстіндегі бес қабатты және жер астындағы екі қабатты үйден тұрады.

ҚАЗАҚ  
ТЕМІРЖОЛЫНЫҢ  
ТЕГЕУРІНІ

2004 жылы Қазақстан теміржолының 100 жылдығы аталып өтті. Сол жылы сәуірдің 30-ында Елбасы мерекелік күнді атап өтуге арналған медаль шығару туралы пәрмен берді. Бұл мерекелік медальдар төрт мыңнан астам теміржолшыға берілді.

Теміржолдың ғасырлық мерейтойы республика астанасында 6 тамызда өткізілді. Осы жылдың 9 қарашасында Ақтау портынан Құлсары стансасына дейін үлкен көлемді, биіктігі төрт қабатты үйді жүктерді тасымалдаған қазақстандық теміржолшылар әлемдік рекордты жаңартты. 30 қарашада Арқа стансасында мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғаларының қатысуымен Алтынсарин-Хромтау жаңа теміржолдың ашылуы өтті. Бұл жол арқылы көршілес елдердің аумағына кірмей, ел іші арқылы жүргізілетін бағдар іске қосылды. Алтынсарин-Хромтау теміржол желісін

қосу арқылы жылына 160 млн доллар көлемінде үнемділікке қол жеткізілді. Сонымен қатар Қазақстанның ішкі жолдарымен жүк тасымалдау қашықтығы 500-ден екі мың шақырымға дейін қысқарды. Қазақстанның Тәуелсіздік күні мерекесінде Астана вокзалы алдында тарихи экспонат — Эш-4161 сериялы паровозы орнатылды. 10 желтоқсанда Алтынсарин-Хромтау жолымен жолаушылар тасымалдаудың жаңа кестесін Астана-Ақтөбе пойызы ашты. Жолаушыларды жолдың 15 сағатқа дейін қысқарғандығы, билет бағасының екі есеге азайғандығы қуантты. 2004 жылы Қазақстан Қытай арасындағы мемлекеттік шекаралық өткелі Достық стансасы арқылы 9,5 миллион тонна жүк тасылды. 21 сәуірде Астана теміржол вокзалынан «Астана-Алматы» бағытында қатынайтын «Тұлпар» жолаушылар жүрдек пойызы алғашқы сапарға аттанды.



## АҚШ ЕЛШІЛІГІ БОЙ КӨТЕРЕДІ

Маусымның 8-і күні Астанада АҚШ елшілігі ғимаратының алғашқы іргетасын қалау рәсімі өтті. Американың Қазақстандағы

төтенше және өкілетті елшісі Ларри Нэптер бұл шараны елшілікті астанаға көшірудің алғашқы қадамы екенін айтты. Жаңа елшілік орын тепкен

аймақ 10 мың шаршы метрді алып жатыр. Құрылыс жұмысына 90 млн АҚШ доллары жұмсалды.

ЕЛОРДАДА ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНА  
АШЫЛДЫ

10 маусымда Астанадағы ірі рухани орталық — Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы салтанатты түрде ашылды. Бұл шараға Елбасы Н.Назарбаев пен Мәскеу мэрі Ю.Лужков қатысты.

Жаңа кітапхана — жалпы алаңы 15000 шаршы метрді құрайтын, қазіргі заманға сай 5 қабатты ғимарат. Мұнда оқырмандарға барлық жағдай жасалған. Қазақстан Үкіметінің жаңа жобасы кітапхана процестерін автоматтандырудың

кешенді жүйесімен қатар, кітапхана ісіндегі жаңа технологияларды дамыту және ақпараттардың ұлттық электронды сақтау қоймасын құру үшін жаңа компьютерлік жабдықтар мен жасақталған зияткерлік орталық құруға бағытталған. Бүгінде ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында электронды ресурстарды 50 терабайттан петабайтқа дейін ұлғайтуға мүмкіндік беретін электронды сақтау қоймасы мен серверлер кешеніне арналған база құрылды. Бүгінде

кітапхана қызметін 15 мыңнан аса оқырман пайдалануда. Кітап қоры 380000-ға жуық. Кітаптан бөлек, кітапханаға қазақ, орыс және басқа да шет тілдерінде 1500-ден аса атаумен отандық, шетелдік мерзімді басылымдар келіп түседі. Кітапхана өз пайдаланушыларына 15 толық мәтінді ғылыми мәліметтер базасын және әлемдік алпауыт ақпарат орталықтарының онлайн каталогтарын ұсынады.

«МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛА-  
МАСЫ ҚАБЫЛДАНДЫ

13 қаңтарда ҚР Президенті «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы Жарлыққа қол қойды. Аталған мемлекеттік бағдарлама мәдени, экономикалық және әлеуметтік капитал, жалпы адамзаттық мәдениеттің құрылымдық бөлігі, этнос, қоғам, адам парасатының дамуы мен құрылуының бастауы, тарихи естеліктердің маңызды қоймасын жасау және қорғау құжаты еді.

Бағдарламаны қабылдағаннан кей-

ін 2004 жылы 51 тарихи және мәдени ескерткіштің реставрациялық жұмысы аяқталып, 39 қалашық пен қорғандарға археологиялық зерттеулер жүргізілді. 218 нысанды қамтыған Қазақстанның тарихи-мәдени және тарихи ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі дайындалды. Ұлттық мәдениет үшін аса маңызды 30 сәулеттік және археологиялық қосымша ғылыми зерттеулер жүргізілді.

## АЛҒАШ РЕТ ҰБТ ЕНГІЗІЛДІ

2004 жылы Қазақстанның білім саласында алғаш рет Ұлттық бірыңғай тестілеу енгізілді. ҰБТ — Қазақстан Республикасында қолданылатын мектеп бітірушілердің білімін сынау жүйесі.

ҰБТ-ның нәтижесі жалпы және орта білім ұйымдары бойынша мемлекеттік аттестацияның қорытындысы ретінде есептеледі. Бұл тестілеу жалпы білім жүйесіндегі білім сапасын сырттай бақылайтын тәуелсіз жүйе ретінде қалыптасты. Оқушының Қазақстан университеттеріне түсу мүмкіншілігі және қорытынды аттестатының бағасы оның ҰБТ-да алған

балының санына байланысты болады. ҰБТ-ның балдары «Болашақ» президенттік шәкіртақысын алуға да мүмкіндік береді. Бұрынғы жылдары бітірген түлектер, колледж бітірушілері және кейбір талапкерлер үшін ҰБТ баламасы кешенді тест боп саналады. Ұлттық бірыңғай тестілеу кезеңі 5 лектен тұрады және маусымның алғашқы күндерінен басталады. ҰБТ бір кезеңнен өтеді және 125 балдық шкаламен бағаланады. Оқушылар бір күннің ішінде бес пәннен тест тапсырады. Әрбір пән 25 сұрақтан тұрады. ҰБТ-ның жүргізілуіне 3,5 сағат, яғни 210 минут беріледі.

ҚЫТАЙҒА МҰНАЙ  
ҚҰБЫРЫ ТАРТЫЛДЫ

Мұнай мәселесіне қатысты ықпалдастық та осы жылы орын алып, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ҚХР-ға барған сапары кезінде Қытай мен Қазақстанның ұлттық мұнай компаниялары арасындағы мұнай құбыры құрылысын бастау туралы келісімшартқа қол қойылды.

Мұнай құбырының іргетасы сол жылдың 28 қыркүйегінде қаланды. Осы жылғы әлемнің ақпарат құралдары көршілес екі

мемлекет арасындағы осынау қадамды жарыса жазып, бұл келісімді «ғасыр жобасы» ретінде атаған болатын. Қазақстанның алғашқы мұнайы Қытайға 2006 жылдың 25 мамырында құйыла бастады. Атас (Қазақстан) мен шекаралас пункт Алашанқай (Қытай) арасын жалғап жатқан осы мұнай құбырының магистралі арқылы Қазақстан жылына 20 млн тоннаға дейін мұнай экспорттау мүмкіндігіне ие болды.



2004

**9 қаңтар** — Ресейдің Қазақстандағы жылы аясында Ресей Президенті Владимир Путин Қазақстанға ресми сапармен келді. Осы сапарда Астанада Қазақстан мен Ресей басшылары Байқоңыр ғарыш айлағын пайдаланудың мерзімін 2050 жылға дейін ұзарту туралы келісімге қол қойды.

**20 қаңтар** — Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде еліміздегі тұңғыш ғарыш мониторингі орталығының тұсауы кесілді.

**5 ақпан** — Астана қаласында Ұлы-Британия елшілігі ашылды.

**1 наурыз** — Мемлекеттік қызмет мектебі ашылды. Жаңа оқу орны Қазақстан Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиялар ассоциациясының Қазақстан жастар конгресі және Мемлекеттік қызмет агенттігінің қолдауымен құрылды.

**21 наурыз** — Астананың орталық алаңында алғаш рет стационарлық полиция бекеті ашылды.

**1 сәуір** — «Астана Думан» ойын-сауық отауының тұсауы кесілді.

**19 мамыр** — «Көктал» тұрғын алабында орналасқан №40 қазақ орта мектебіне Әлкей Марғұлан есімі берілді.

**28 мамыр** — Шығыс Қазақстан облысында еліміздің 15 миллионыншы тұрғыны дүниеге келді. Оның есімі — Перизат Ускембаева.

**28-29 мамыр** — Астанада Орталық Азия ынтымақтастығы ұйымына мүше-мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысы болып өтті. Оның барысында Орталық Азиядағы төрт мемлекеттің басшылары өңірдегі теледидар және радиохабарларын тарату туралы келісімге қол қойды.

**10 маусым** — елордалық тәртіп сақшыларына 45 полиция келігі табыс етілді.

**17 маусым** — жерді аукционмен сату жөніндегі комиссия астаналық 15 соғыс ардагеріне тегін жер телімін беруге шешім қабылдады.

**29 маусым** — Астана қаласы оралмандарының «Атажұрт» қоғамдық бірлестігінің тұсаукесер рәсімі өтті.

**8 шілде** — Елбасы жұмыс сапарымен Ақмола облысында болып, «Мұрабай» курортты аймағындағы 37 метрлік Абылай хан стеласының ашылу салтанатына қатысты.

**7 қыркүйек** — Астанада Қазақстан әйелдерінің IV форумы өтті. Форумда сөз сөйлеген Елбасы Н.Назарбаев елдегі гендерлік ахуалды жақсарту мақсатында жедел түрде мемлекеттік бағдарлама қабылдап, оны келесі 2005 жылдан бастап жүзеге асыруды тапсырды.

**19 қыркүйек** — Қазақстан Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауы өтті.

**2 қазан** — Мүғалімдер күні мерекесіне орай елордалық 25 ұстазға әкімдік тарапынан пәтер кілттері табыс етілді.

АФИНАДАН —  
АБЫРОЙМЕН

2004 жылы Грецияда өткен жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстан құрамасы ел қоржынына 1 алтын, 4 күміс және 3 қола медаль салды.

XXVIII жазғы Олимпиада ойындарында Бақтияр Артаев (бокс) алтын, Геннадий Лалиев (еркін күрес), Георгий Цурумниа (грек-рим күресі), Ген-

надий Головкин (бокс), Сергей Филимонов (ауыр атлетика) күміс, Серік Елеуов (бокс), Мхитар Манукян (грек-рим күресі), Дмитрий Карпов (жеңіл атлетика) қола жүдені иемденді.

Бұл жарыста Қазақстан құрамасы 202 мемлекеттің арасынан 40-орынға табан тіреді.



Өткен демалыс серуендері Нұр-Сұлтан қаласында жаяу жүргіншілер серуендейтін жаңа кеңістік ашылды. Арбат пештересі әрі оның жалғасы ретінде ашылған орын Кеңесары мен Абай көшелерінің аралығында орналасқан Әзірбайжан Мәмбетов көшесінің бойында сән түзеді.

karlynkktm@gmail.com

Көктем ҚАРҚЫН

«Нұр-Сұлтан – жайлы қала» даму-жоспарының басты бағыттарының бірі – халықтың серуендеуге, спортпен шұғылдануына арналған орындар ашу. Биыл барлығы 150 аула, 40 қоғамдық кеңістік құрылып, абаттандырылады. Ал жаңадан ашылған «Demalys Promenade» әзірге тек демалыс және мерекелік күндері ғана ашық болады. Бұл күндері қала жұртшылығы үшін түрлі концерттер, ойын-сауық бағдарламалары ұйымдастырылады.

Қала әкімдігі ұйымдастырған екі күндік мерекелік бағдарлама қала қонақтары мен тұрғындарына естен кетпес ерекше көңіл-күй сыйлады. «Елорданы одан әрі дамытуды жалғастырамыз. Қала тұрғындары мен қонақтары таза ауада уақыт өткізе алатын жаңа орындарды абаттандырамыз. «Demalys Promenade» жаяу жүргіншілер аймағы кіреберіс аркадан басталады, оның жанында орналасқан сахнада шығармашылық топтардың, әртістердің концерттері мен қойылымдары өтеді. Одан әрі жаяу жүргіншілер көшесінде суретшілер бұрышы, шахмат ойнауға арналған орындар, ұлттық ойындар («асяқ ату» және «тоғызқұмалақ»), спорттық жаттығуларға арналған орындар, сурет көрмелеріне арналған аймақтар, кітап аймақтары, шатыр-

лы сауда-көрме алаңы және т.б. сондай-ақ ерекше инсталляциялар, әткеншектер, арт-нысандар фото-аймақтары және т.б. орнатылған. Сонымен қатар, «Demalys Promenade»-тың ерекшелігі - ол «Театр» жаяу жүргіншілер бульвары (Омаров көшесі) мен қаланың жағалауын біріктіреді, абаттандыру жұмыстарын әлі де жалғастырамыз. Жағалауда

# ЖАЯУ ЖҮРІП ЖАЛЫҚПАЙСЫҢ...

та жайлы қоғамдық кеңістіктердің санын арттырамыз» деп атап өтті елорда әкімі.

### ТАРИХИ ОРЫНДАР ЖАҢҒЫРДЫ

«Нұр-Сұлтан – жайлы қала» даму-жоспарының аясында қоғамдық кеңістіктердің құрылысына ерекше назар аударылуда. «Demalys Promenade» қаланың тарихи бөлігі орналасқан аумақта ашылды. Бірер апта бұрын Жақып Омаров көшесінде «Театр» жележколының алғашқы бөлігі ашылған болатын. Екінші бөлігін шілде айында

уындағы «П.Г.Моисеевтің үйі» аталып кеткен ғасырдан астам тарихи бар көне ғимарат, кітап оқуды насихаттау үшін «Абай кітапханасы», еліміздің өркендеуіне үлес қосқан аға буын өкілдері тұрған үйлер орналасқан. Қала басшылығының ойға алған мақсатының бірі – елорданың тарихи бөлігін қайта реновациялау, басқа қырынан таныту.

Шамамен бір шақырым аумаққа созылған кеңістікте жәрмеңке өткізетін алаң, құралмалы сахналар, қаратә киокушинкай, йуа тай, көркем гимнастика, йог секіл-

налды. Бар-жоғы бір ай ішінде ашылған «Demalys Promenade» жұртшылықтың көңілінен шығып отыр. Жаңа орынның ашылуына тікелей жетекшілік еткен қалалық Урбанистика орталығының басшысы Елнар Базыкен мұнда атқарылатын іс-шаралар барысымен таныстырып өтті. «Мұнда жұмыс күндері көлік қозғалысы үшін ашық болса, демалыста арнайы белгілер орнату арқылы тосқауыл қойып, жаяу жүргіншілер демалысын өткіземіз. Жақында «Театр» бульвары ашылды. Онда фонтандардан бөлек, балалар моторикасын дамытатын ойын элементтері орнатылды. Жұртшылық көңілінен шыққан «Театр» бульвары бүгін Әзірбайжан Мәмбетов көшесінде ашып отырған «Demalys Promenade» кеңістігімен жалғасады. Бұл көше жұртшылыққа қуаныш пен жайлылық, жақсы көңіл-күй сыйлайды деген ойдамыз» дейді Урбанистика орталығының басшысы.

Қала басшылығының міндеттерінің бірі – елорда тұрғындары үшін жайлы демалыс орындарын қадамдық қолжетімді ету. Елнар Базыкен өз сөзінде таланттарды анықтайтын конкурстар өткізу де жоспарда бар екенін айрықша атап өтті. «Жаз бойы демалыс күндері түрлі концерттер, іс-шаралар ұйымдастырылады. Сол сияқты бұл жерде қаламыздың таланттарын анықтайтын «Open Stage», диджей конкурстары өтеді. «Demalys Promenade» ән айтуға, сурет салуға, яғни, шығармашылыққа бейімі бар беймәлім таланттардың бағын ашатын орынға айналады деп сенемін. Бұл жерде 13 сауда орны орнатылған. Әрқайсысында саудагерлер өз қолымен дайындаған өнімдерін сағатады. Олар апта сайын ауысып отырады» дейді Елнар Базыкен.

Ведомство басшысы сөзін жалғай отырып, «Demalys Promenade» аумағында «Дәмді қала» конкурсы өтетін ерекше атап өтті. «Конкурстың өтетін уақытын жақындағанда хабарлаймыз. Бұл байқауды тәтті-дәмділердің үздік рецепті анықтаймыз. Ерекшелігі, ол елордамызбен байланысты болуы қажет. Дәмхана-мейрамханаларға кірсек, Нью-Йорктің чизкейгі, австриялық вафли секілді шетелдің атымен аталатын тағамдар тұрады. Осыған ұқсас, елордамыздың атымен аталатын бірнәрсені болуы керек қой. Сол себепті «Дәмді қала» конкурсын өткізгілі отырмыз. Жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар тапсырылады» деп Елнар Базыкен конкурстың мақсатын түсіндірді.

### ШАҒЫН КӘСІПТІ ҚОЛДАЙТЫН ОРЫН

«Demalys promenade» (демалыс жағалауы) деп аталатын арбат бойы қызыққа толы. Бұл жерден іздегеніңіздің бәрін таба аласыз. Жаңа арбаттың ашылуына орай елорда әкімдігі өткен демалыста қала тұрғындарына арнап арнайы



өзіндік бақылау палубасы пайда болады, сонымен қатар әткеншек орнатамыз.

Көшеде уақытты тиімді өткізу және экологияны жақсарту үшін қаланы көгалдандыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіміз. Қаланың «өкпесі» саналатын ағаштарды елорданың барлық аудандарында отырғызамыз. Осылайша, қазірдің өзінде қалада өзіндік экологиялық аймақтар мен демалыс нүктелері бірнеше есе көбейді. Алдағы уақыт-

аяқтауды жоспарлап отырмыз. Концепция бойынша «Demalys Promenade» сол «Театр» бульварымен қосылады. Ал әрі қарай Кеңесары көшесі арқылы Арбатқа, содан кейін Есіл өзеніне және орталық саябаққа жалғасады» деді Сарыарқа ауданының әкімі Есет Байкер.

Шаһар басшылығының «Demalys Promenade» үшін бұл орындар тандап алуының да құпиясы бар. Мұнда мемлекет қорға-

ді спорт түрлерінен дайындалу орны және өзге де көңіл көтеру орындары қарастырылған. «Demalys Promenade» кеңістігінің ашылуы аясында өткен іс-шаралардың бәрінде санитарлық талаптар сақталды.

### КӨШЕ ТАЛАНТТАРЫН АНЫҚТАЙДЫ

Бұрын көлік жүретін Әзірбайжан Мәмбетов көшесі түрленіп, жаяу жүргіншілер кеңістігіне ай-

## ДАҒДАРЫСТАН САБАҚ АЛУҒА ШАҚЫРДЫ

Әлем халқы бірлесе күресіп жатқан індетті тоқтату үшін жер бетіндегі адамдардың кемінде 70 пайызына екпе салу керек. Ал оған 11 миллиард доза вакцина керек екен. Қысқа мерзімді келешекте осы жылдың қыркүйек айына қарай әр елдің тұрғындарының кем дегенде 10 пайызын, ал жыл соңына дейін 40 пайызын вакцинациялау қажет.

ray77781@mail.ru

Райхан РАХМЕТОВА

ДДҰ басшысы Тедрос Гебрейесустің айтуынша, өзі айтқан межеге жету үшін дәл қазір, яғни осы және келесі айда 100 миллион доза вакцина, ал қыркүйекке қарай тағы 250 миллион вакцина керек. Мұны ол COVAX бастамасы арқылы тарату қажеттігін жеткізді. Сондай-ақ сарапшылар әлемді алдағы пандемиядан қорғау үшін қазіргі дағдарыстан сабақ алуға шақырды. «Ең бастысы, ынтымақтастыққа қол жеткізу және әр елге өз халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті мәліметтер, ақпараттар, ресурстар, технологиялармен және барлық құралдармен ал-



масуды жолға қою керек» деді Т.Гейбрейесус.

Covid-19 инфекциясын жұқтырғандар саны азайып келе жатқан Қазақстанда қазір «қызыл аймақта» елдің астанасы ғана қалды. Сары аймақта 6 өңір: Алматы қаласы, Атырау, Павлодар, Батыс Қазақстан, Ақмола және Қарағанды облыстары бар. 10 өңір – жасыл аймақта. Осылайша 6 маусымдан бастап еліміз жасыл аймаққа ауысты. Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой Үкімет отырысында қазір елімізде індетке қарсы эпидемиологиялық жағдай тұрақталды. Қазақстанда дерт оптимистік сценарийге сәйкес болжам бойынша өтіп жатыр. Бұған науқастар санының өткен аптамен салыстырғанда 11 мыңнан 8 мыңға дейін немесе 1,3 есе азайғаны дәлел.

Мамырдан бастап ауру 2,1 есеге төмендеген. Елдегі инфекциялық төсектердің 24%-ында, реанимациялық төсектердің 21%-ында науқас жатыр.

Бүгінде еліміздегі вакцинаның шамамен 3,6 млн дозасы пайдаланылды, оның ішінде 1 компонент 2 5061 157 адамға егілді, бұл екпе алу тиіс халықтың 24 пайызын құрайды. Екінші компоненттен 1 384 029 адам қақты. Егу пункттерінде вакцина дозаларының саны жеткілікті, бірінші компоненттің шамамен 1,2 млн дозасы және екінші компоненттің 835 мың дозасы бар. Алайда тиісті межеге жету үшін жергілікті атқарушы органдар тұрғындар арасында екпе туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді күшейтті, егу науқанын жалғастыра бермек.

Жыл санап тұрғындарының саны артып келе жатқан Нұр-Сұлтан қаласында баспанамен қамту мәселесі өзекті. Қазіргі таңда қалада пәтер кезегінде 48 мыңнан астам адам тұр. Сәйкесінше қала билігі тұрғындардың пәтер мәселесін шешуде ауқымды шаралар легін қолға алған.



## ЖАСТАРҒА 1050 ПӘТЕР БЕРІЛЕДІ

wynbolat94@gmail.com

Шынболат КҮЗЕКБАЕВ

Өткен жылы елордада жалпы көлемі 3 миллион шаршы метр болатын тұрғын үй салынып, ел игілігіне берді. Сондай-ақ әлеуметтік пәтер беру көрсеткіші де еселеп ұлғайды. Мәселен, 2019 жылы шаһарда 2900 әлеуметтік пәтер пайдалануға берілсе, биыл бұл көрсеткіш 10 мыңға дейін артты. Бұдан бөлек, Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен жұмысшы жастарға сатып алу құқығынсыз жалға пәтерлер беру бастамасы көп түйкіліктің түйінін тарқатуға жол ашты.

2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Елбасы тапсырмасын толықтай орындап, жұмысшы жастарға 1050 пәтердің кілтін табыстады.

Өткен жылы әлемдік пандемияға байланысты бұл бағытта бөлінген қаражат мөлшері қысқарып, жастарға 350 пәтер беру туралы шешім қа-

былданғанды. Жұмысшы жастарға пәтерлер Нұр-Сұлтан қаласындағы Р.Қошқарбаев даңғылы, Қордай және №23-31 көш. қиылысындағы аудан, Абылай хан даңғылы мен Б.Момышұлы және Р.Қошқарбаев даңғылдарының қиылысы мекен-жайларындағы тұрғын үйлерден берілді.

Енді кезекте олар осында 5 жыл тұрып, өз пәтерлерін алуға қажетті бастапқы жарнаны жинайды. Талайдың баспаналы болуына қол ұшын созатын жобаға жасы 29-дан аспаған, жұмыс істейтін жастар қатыса алады. Ең бастысы, олардың меншігінде ешқандай тұрғын үй болмауы керек. Есесіне «Отбасы банкінде» депозиттік шотының болуы құпталды. Сонымен қатар соңғы 6 айда кемінде 111 мың 120 теңге табысы болғаны жөн.

2020 жылғы 1-6 желтоқсан аралығында Нұр-Сұлтан қаласында жұмыс істейтін жастардан сатып алу құқығынсыз жалға берілетін баспанаға өтінімдер қабылданды. Жобаға жалпы 5463 жас қатысқан.

ойын-сауық бағдарламасын әзірлеген. Қуанышты жаңалықты естіп таң атпастан жаяу жүргіншілер көшесіне жиналған халықтың қарасы қалып, Әсіресе, астананың белсенді тұрғындары би алаңдарының көркін қыздырып, спортпен айналысты.

Таңғы йогаға қатысып, бой сергіткен зейнеткер Күләш Қалиқызының айтуынша, мұндай спорттық бастамалар әрбір адамның салауатты өмір салтын ұстанып, ұзақ жасауына жол ашады. «Былтыр пандемия кезінде мен де бір ауырып тұрдым. Біз денсаулықтың қадірін көп біле бермейміз. Сарыарқаның суығында жас күніміден жүргендіктен де шығар, бір жағы жасымыз да келген сайын буын-буынымыз ауырып жүреді. Төрт қабырғаға қамалып үйде отыра беруге болмайды. Сондықтан араласатын құрбыларымымен 4 жылдан бері йогаға қатысып жүрміз. Демалыс күндері Әзірбайжан Мәмбетов көшесінде тегін, арнайы мастер класс өткізіледі дегенді естіп келдік. Көңіл-күйімді тамаша! Қаламыз көркейе берсін!» деді зейнеткер.

Арбатта таңертең үздік фитнес жаттықтырушыларының қатысуымен оқу ойындары мен спорттық шеберлік сағаттары өтсе, кешке әлеуметтік билер болады. Зейнеткерлер үшін әр жексенбіде үрмелі оркестрдің орындауында жаттықтырушылармен билер жоспарланған.

Жаяу жүргіншілер көшесінің бойына 13 шатыр тігілген. Ақ күмбезді әр шатырдан қолмен бұйымдары мен тұрмысқа керекті заттар, кітаптар мен кәдесыйларды сатып ала аласыз. Бір жағынан, адам көп жүретін мұндай орындарда шағын бизнес өкілдерін де назардан тыс қалдырмай, оларға қолдау білдіргені көңілімізге қуаныш сыйлады. Сондай жеке кәсіпкерлердің бірі Айман Байтенова жаңа паркке алғашқылардың бірі болып, өз қолымен тоқыған қуыршақтарын орналастырыпты. «Мен декреттің анамын. Бірақ қазір қол қуыршық отыратын заман емес. Тоқуды кішкентай кезімнен білетінмін. Ал кішкентай баламен үйде отырғанда уақытым көп болғандықтан, бос отырмайын деп қуыршақтар тоқып бастадым. Барлығы экологиялық таза өнімдерден жасалған. Кейін айналадағы таныстарым, көршілерім қызығып тапсырыс беретін болды. Осылайша мен өз кәсібімді таптым. Кішкентай қолсөмкеге, кілтке тағатын қуыршақтарды тігуге жарты күнім кетсе, үлкендерін тігуге бірнеше күн жұмсаймын. Сураныс көп. Себебі бұл – сапасы жағынан да, материалы жағынан да таза өнім. Үйіремнің деген балаларға үйіміздің жанындағы аула клубында тегін үйіретін жұрн» деді кәсіпкер ана.

Жаяу жүргіншілер аймағы тек қана демалыс күндерінде ашық болады. Жаз бойы демалыс және мереке күндері қала тұрғындарына концерттік, ойын-сауық бағдарламалары әзірленген.

# АБАЙДАЙ АЙҚЫҢ, ЖАМБЫЛДАЙ ЖАҚЫҢ КІМІҢ БАР?



Тәуелсіздіктің бәрінен қымбат екендігін ұғындырған Мемлекет басшысы осы құндылық жолында өмірін, қайратын, еңбегін, білім-ғылымын, шығармашылығын сарп еткен тұлғаларымызды ұлықтауға қоғамның назарын аударды. Айталық, ғаламдық пандемия жағдайына қарамастан былтыр ұлт руханиятының темірқазығы, данышпан Абай ілімін, мұрасын тану ісі белгілі бір дәрежеде жаңа сапаға көтерілді. Шығармаларының түпнұсқаларын қайта қарап, зерттеу, зерделеу, түрлі жинақ шығару, челлендж ұйымдастыру, тағы басқа шаралар өз жемісін берді деп ойлаймыз.

Қазақтың мандайына біткен екі дүлдүлі, екі ұлы перзенті бірін-бірі танығанын да тарихтан білеміз. Әсіресе, Алматыда Абайдың ұлы Әбдірахманның қайтыс болғанын естіген Жамбыл өлеңмен:

Сәлем айт барсаң Абайға,  
Кеңесі кеткен талайға.  
Ауруды жеңген қара жер,  
Сабырлы болсын қалай да!  
Бір жұтқан судай дүниесін,  
Ашысын тастан күймесін,  
Жапана біткен бәйтерек,  
Жалғызбын деп жүрмесін.  
Кемелге келген асыл-ай!  
Нар көтерген ауырға,  
Арқасын тоосын жасымай, –  
деп көңіл айтып, жұбатыу саналы

адамды пенделіліктен жоғары болуға үндейді. Өлеңнің әр жолы есті қазақты тебірентеді.

Даналар да шоқжұлдыздай іркес-тіркес өмірге келеді.

Был – жыр алыбы Жамбылдың 175 жылдығы. Айтулы дата екенін Президент жыл басында Үкімет пен жауапты орындардың есіне де салды. Алайда жыл ортасына ауды, соған қарамастан бүкіл елімізді қамтитын арнайы оқулар, жыр сайысы, көрме-лер, басқа да мерейтойға арналған ауқымды, танымдық-насихаттық іс-шаралар байқалмай тұр. Ниет бар, бірақ әрекет көрінбейді.

Қазір Қазақстанды әлемге тануға қолға алынып, тиісті қаражат бөлініп

жатыр. Өткен ғасырдың қым-қуыт, күрделі кезеңінде осындай міндетті Жамбыл бабамыздың жалғыз өзі абыроймен орындағанын халық та, әлем де біледі. Білмесе кейінгі жастар білмеуі мүмкін. Пандемия түгілі, Екінші дүниежүзілік соғыс жүріп жатқан кездің өзінде, яғни 1941-1943 жылдары Отан қорғаушыларға рух берген, жеңіске жігерлендірген, тарихи миссиясы бар «Ленинградтық өренім» жыры секілді аңызға бергісіз туындыларды нәсерлей төккен ақынның рухани ізбасарлары неге үнсіз? Одақтас республика халықтарының барлық тіліне аударылған сол жыр сан мың қазақ жауынгерлерінің кеудесіне бабамыздың өзі таққан қахармандық ордендей болғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Сол кездегі Ленинград, бүгінде Санкт-Петербург қаласы тұрғындарының құрметі Еуразия экономика одағы елдері өкілдерімен бірге лайықты атап өтуге орайлы себеп емес пе? Осындайда «тиісті мемлекетаралық құрылымдардың лайықты бастама көтеруі не кедергі?» деген ой келеді.

Батыр бабаларымыздың аруағы қолдап, өткен ғасырда қазақтың даңқын әлемге танытқан палуан бабамыз – Қажымұқан, әнші бабамыз – Әміре болса, жыршы бабамыз – Жамбыл екені ақиқат.

Бір Жамбыл қазақтың мың жылдық суырып салма – импровизация өнерінің рәмізіне айналғанын дүние жүзі білген жоқ па?

Өнермен бірге қасиет қонған жыршының бір ғасыр жасағаны Жаратқанның сыйы десе болады. «Қазақтың Гомери» атанған бабамыздың әуелі қобыз тартып, «Сұрмерген», «Ыңғайтөк», Байсерке батырдан жазған «Ұран» сияқты күйлерді Рамазан Елебаев насихаттаған.

«Асқан бұлбұл Пушкинге» әнін шығарғанын көшілік біле бермес. Сондықтан ән-күйден тұратын жарыс күзден өзге бұрынғы кітаптарына кезінде енбей қалған, ел аузында жатталып қалған туындыларын, соның ішінде нақылтай болар ұтқыр сөздерін қамтитын жаңа жинақтар әзірлеуге, бабамыздың әр кезеңдегі кескіндемесі суретінен, сахна, кинодағы бейнесінен немесе құжатты

фотосуреттерінен көшпелі көрме ұйымдастырып, виртуалды нұсқасын елімізден тысқары жерлерде таныстыруға мүмкіндік мол. Ал әзірге «Абай» телеарнасында қолға алынған «Күміс көмей» сәтті хабары ғана көңілге медеу болып тұр. Әлемге бұрыннан мәшһүр есімді тәуелсіз Қазақстанның мақтанышы ретінде қайтадан жарқырата көрсету – елдің борышы.

Жасырып не керек, қайсыбіреулер кеңес заманының көп қиындығын, 30-40-жылдардағы замана дүрбелеңін дәуірдің айнасы болған жыр алыбы Жамбылдың бір басына аудару салуға пейілді. Бұл – өнер табиғатының, ғылым парасатының танымына қайшы, аса кемшін көзқарас. Тоқсандағы абыз, қария ақын әлеуметтік теңдікке, ұлттың жарқын күнге жеткеніне тілекші болып, батасын беріп жүрді. Ал оның атынан шығарылған Кремль қайраткерлері, социалистік жеңіс, зауыт-фабрика, «халық жазу» туралы өлеңдер идеологиялық машинаның, «ақынның аузына сөз салған» қаулаған әдеби хатшылардың маңдай тері екенін көзі ашық адам біз айтпай да біледі. Есесіне біз бес уақыт намазын қаза қылмаған иманды ақындар, Кремль қайраткерлерінің әрбірін ондырмай сипалтаған «жез мұрт», «теке сақал», «қу жақ», «жер кене», «көзі көкшиген», «сумақай», «басын таз жалаған», т. б.) бейнелерді шынайы естеліктерден енді оқып жатырмыз...

Ұлт сөз өнерінің қайталанбас жанры – айттыста Жамбыл бабамыздың ұсақ-түйекті ілуден, сынап-мінеуден бойды аулақ ұстауды меңзеп:

Адамдықты айт,  
ерлікті айт, батырлықты айт,  
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт! – деген әйгілі сөзі – бүгінгі және келешек ұрпаққа ұлағат әрі өсиет. Сондықтан жыр алыбының мерейтойы адамдықты, ел бірлігін сақтайтын татулықты дәріптейтін жылды айшықтаса деген тілегіміз бар.

**Дархан МҰҢБАЙ,  
Мәжіліс депутаты,  
Nur Otan партиясы  
фракциясының мүшесі**

# СҰРАНЫСҚА САЙ МАМАН БОЛУ ОҢАЙ МА?

Еліміздегі еңбек нарығының сұранысына сай мамандарды даярлап беруде оқу орындарының қызметі әлсіз. Жұмыс берушінің талабын ескермей, қатып қалған қалыптан шыға алмау – жоғары білім берудегі басты қателік. Бұл дипломның сандық түбінде сақтап, өзі басқа жерде маңдай терін төгетін шалажансар мамандардың көбеюіне әкеледі. Мектепте кәсіптік бағдардың берілмеуі, ата-ананың не баланың мамандықтар туралы білімі мен еңбек нарығын жете білмеуі де мамандық таңдауда қателікке ұрынуға басты себептер. Ал 28 жастағы кәсіпкер, Daqyn.online платформасын құрушылардың бірі Айбек Қуатбайдың айтуынша, ғарыштай жылдамдықпен дамыған бүгінгі дәуірде бізмен бірге бейімделмеген, бір дипломмен ғана шектелмей, бойдағы бірнеше қабілетті дамыту арқылы сұранысқа ие маманға айнала аласың.



кейін Шымкент қаласындағы «Дарын» мектебіне түспеген болсам, бәлкім, болашағыма оң әсер ететін жақсы қабілеттерім ашылмай ауылда қалып қойған болар едім. Daqyn.online платформасын жасаудағы мақсатым – ауыл мен қаланың білімін теңестіру, сапалы білімді баршаға қолжетімді ету. Ал былтыр карантин басталған соң мемлекет мектеп оқушыларына қашықтан білім берудің түрлі жолын қарастыра бастады. Сол кезде біз Білім және ғылым министрлігіне платформадағы бүкіл ақыл сабақты тегін береміз деген ұсыныс айттық. Олар Daqyn.online-ның мемлекеттік стандарттарға сай келетін-келмейтінін тексеріп көрді де, оң шешім шығарды, бірден оқушыларға ұсынылатын ресурстардың қатарына қосты. Халыққа осылай танылды, бізге бір жылдың ішінде 2,5 миллион адам тіркелді, бұл күтпеген жетістік еді. Осындай табысқа жетудегі басты ерекшелігім, жан-жақты зерделей келе, жылдам шешім қабылдайтынмын, сөзден іске тез көшетінім деп ойлаймын. Өзім бала кезден математика пәнін жақсы оқып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың математика және компьютерлік модельдеу факультетін бітірдім. Атақты академик Асқар Жұмаділдаевтың шәкірті болдым. Ал математикаға жақын болу деген – ол логиканың мықтылығы. Сондықтан бізге шешім қабылдауда сол логикалық ойлау өте көп көмектеседі. Тез ойланып, есептей аламыз. Сонымен қатар адам жетістікке жетуде бір істі қорықпай бастау

көшпек, өткенде бір телеарнадағы сұхбатта «қазір көп компаниялар дипломына емес, әрекеттеріңе қарайды» депсің. Бұл біздің елде қаншалықты мүмкін нәрсесі?

– Иә, солай дегенім рас. Себебі қазір еліміздегі көптеген жоғары оқу орындарының дипломы мен білім сапасына қатысты күмән көп. Екеуі де атына заты сай болмаған соң дипломға қараудың қажеттілігі аз. Мәселен, шетелдің Кембридж оқу орнының дипломы болса әңгіме басқа. Осыдан келіп бүгінгі жұмыс беруші дипломның ысырып қойып, болашақ қызметкердің ниетіне, құндылықтарына, дағдыларына назар аударуға көшті. Әрекет деген – дағды, бойындағы жақсы дағдыларын дамытып жүрген адам өзінің еңбегін жақсы пұлдай алады. Адам әртүрлі бағытта даму үшін қосымша кітаптар, курстар оқып та жетіле береді. Міне, біз өзіміз де сондай адамдармен жұмыс істейміз, тәрбиелейміз, олардың табысты жұмыс істеуіне жағдай жасаймыз.

– Алдағы 5-10 жылда жоғары білім беру саласында көп өзгеріс болады депсің. Не өзгеруі мүмкін?

– Тіпті алдағы 2-3 жылдың ішінде көп нәрсесі өзгеруі мүмкін деп тұр. Себебі қазір жұмыс нарығында жұмыс берушілер тарапынан сұраныс көп, бірақ олардың талабына сай келетін жұмысшы аз. Өйткені универ-

ситеттер нарыққа керек нақты мамандарды дайындаумен айналыспай, өзінің бұрынғы қатып қалған позициясын ұстанып келе жатыр. 4 жыл оқу керек, кеңес өкіметінде сондай болған деп қақиып отыр. Дегенмен де қазір 2-3 жылдық университеттер де көбіне бастады. Колледждердегі оқу мерімінің өзі ұзақтау. Соның бәрін қысқартқанда ғана пайдалы және тез арада мамандар дайындап шығаруға болады. Болашақта дәрігер мен мұғалімді ғана университетте ұзақ оқыттыр етіп қалдырып, қалған мамандықтарды аз уақытта дайындау керек. Біз ғана емес, қазір бүкіл әлем соған келе жатыр. Google, Microsoft сияқты ірі компаниялар өз ішінде шағын университеттер ашып, адамдарды тек 3-6 ай оқытып, сертификат беріп жұмысқа ала беретін болған.

– Білім жүйесі мен еңбек нарығын құраушылар туралы да ойларыңды естідік. Олар кімдер?

– Білім саласы мен еңбек нарығын құрушылардың саны – тәрттеу, олар – жұмыс берушілер, ата-аналар мен балалар, оқу орындары және министрліктер. Оқыншы қарап, соның ішінде тек жұмыс берушілер ғана нарыққа сай бейімделіп отыр. Себебі олар жұмысқа мықты маман алығсы келеді, жоғарыда айтқандай, дипломына қарамай, адамның өз құндылықтарына қарай қызметке қабылдауға әзір. Қалған үшеуі өзгеріске дайын емес. Университеттер дрондарды басқару деген болашақтың мамандығын үйретпек түгіл, нарыққа бірнеше жыл бұрын кірген ақпараттық технологиялар саласына мамандар даярлау ісін алдып кете алмай тұр. Ал Білім және ғылым, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктері оқу орындарының өзгеруіне іс-әрекет жасап отырған жоқ. Ата-аналар да балаларын нарықты зерттеп немесе баланың икеміне қарай емес, жағдайына, тұратын жеріне қарай мамандық таңдауға мәжбүрлейді.

– Көп оқушылар 11-сыныпқа келгенше кім болатынын таңдай алмай басы қатады. Бұған не себеп? Сонда бала кезден арман-мақсаты болмағаны ма? Әлде мектептегі білім мен тәрбие сапасы нашарлығынан ба?

– Мен оқыған кай мектепте де психолог кабинетінің бір ашық тұрғанын көрмеппін. Үнемі есігі тарс жабық тұра-

Жаз жайнатып, күн күлдіріп дегендей, оқушылардың жазғы демалыс күндері басталды. Мына қапырықта өз еріктері өздерінде, жұмыстағы ата-ананың телефон арқылы басқарылуымен ғана отырған балалардың бос уақыты қалай ұйымдастырылып жатыр дегенде ауыз толтырып айтатын шаралар жоқ емес. Жазғы лагерлер, қаладағы екі бірдей Оқушылар сарайында үйірмелер жұмыс істейді. Бірақ бәріне бірдей бұл игіліктер жетіп жатқан жоқ.

# ҚАҢЫРАП НЕГЕ БОС ТҰРАДЫ?

uaisova.a@mail.ru

**Айгүл УАЙСОВА**

Осы ретте қаладағы мұражай, музей, театр секілді мәдениет ошақтары, тіпті қажет болған жағдайда, мешіттерді де осы іске тартуға болмады ма деген сұрақ тұрды. Осында ересек балаларға арналған қолөнер шеберханаларын жасап, белгілі суретшілер мен түрлі кәсіп иелері бір реттік болса да дәріс оқып, өнер әлеміне деген құлшынысын арттыруына сеп болар ма еді. Одан қалды қаңырап бос тұратын әулім-әулім спорт сарайларына ақысын төлемесе бала бара алмайды. Осындай орындарда да ақсыз секциялар ашып, әсіресе көпбалалы отбасылардың балаларына неге жағдай жасамасқа?..

Ал қаланың шеткі аймақтарында жағдай бұдан гөрі күрделілеу. Оқушылар құнара ат сабылтып қала орталығына өздiгiнен келе алмайды, ата-анасының да орталыққа тасуға ешқандай мүмкіндігі жоқ. Сол себепті бала үйінде, әрі кетсе есік алдында уақытын ойынмен өткізеді. Қазіргі інідет жағдайында балаларын ауылға жіберетіндердің де саны аз шығар. Ол жақта да баланы түзде аңдып отырған үйде тамағын жасап отырған адам болмаса, қараусыз тағы қалдыра алмайды.

Түсінікті нәрсесі, дін мен мемлекет арасы ашылған. Мектептерде діни білім берілмейді. Бірақ оқушылардың демалысында бос тұрған мешіттерді неге пайдаланбасқа?! Олардың өздері де жас шәкірттеріне Құран сабақтары оқытып жатқан болар, алайда баланың бәріне бірдей молда болу шарт емес. Бос ғимараттарды баланың икеміне қарай ойлап, қажетті үйірмелер ашып, тіпті әдеп пен дәстүр туралы айттып беретін мамандарды тартып арнайы сабақ жүргізсе, баланың өресінің өсуіне жақсы емес

не? Айталық, көрмеген, білмеген нәрсенің қиындығы болады. Осы күні жастар дін дегенде құлап түсіп, тез күйіп кетіп жатады. Ал жастайынан мешіттердің табалдырығын емің-еркін аттағанда ғана оны «табу» ретінде емес, қалыпты жағдай деп қабылдайды. Жасы келгенде жаңа әлемді ашқандай болмай, саналы түрде таңдау жасайды. Жасыратыны жоқ, жеткіншектер түгіл, мектеп бітірген бозбалалардың арасында да дәстүріміз бойынша «ассалау-мағалайкум» деп ауыз толтырып амандаса алмай, «саламатсыз ба» деп сызылып тұратындыр жетеді. Ал жазғы күндері дәстүрге баулитын, қазақы болмысына түзету енгізетін сабақтарға көргені бар ақсақалдарды тартып жатса қандай жақсы! Олардың әңгімесін тыңдап қана қоймай, ең алдымен үлкендердің алдында құрақ ұшып амандасуды үйреніп, баланың өзін жігіт сезінуіне көмегі болар еді. Жасыратыны жоқ, көптеген ұлдар әкесіз отбасында өсіп жатыр.

Мешіт деп неге байланысты отырғанымыздың себебін түсіндірейік. Осыдан тура бір жыл бұрынғы мәлімет бойынша еліміз бойынша 2678 мешіт бар екен. Одан бері де біршама мешітті құмбезді көтерілгені – белгілі жайт. Жақында әлеуметтік желіде жуз атыраулықтар бір мешіттен келетінін айтып, тағы да 25 шақты мешіт салынады деген ақпарат желіп өтті. Рас-өтірігін білмейміз, әрине, алайда осыншама мешіттер халыққа қызметін барынша толықтырып, асын кенейтсе, балаларға да саясы болар еді. Басқа орталықтардан айырмасы мешіттердің орналасқан жеріндегі жамағатын жұрағатымен қоса қамтуына мүмкіндігі бар. Мешіт демекші, осыдан бірнеше жыл бұрын Меккеге барғанымызда біз тоқтаған жердегі мешітте босқындардың тұрып жатқанын көрдім. Біз намаз оқығанда, еңбектеген балалары жанымызда жүрді.

– Айбек, сен орта білім беру саласында 2017 жылдан бастап-ақ онлайн-сабақ беру қызметін бастаған елдегі алғашқы жас кәсіпкерлердің бірісің. Былтыр пандемия басталып, қашықтан оқуға көшкілі бері Қазақстандағы Білім және ғылым министрлігіне көмек ретінде Daqyn.online платформасын оқушыларға тегін ұсындың. Өзіңде «Пандемияның нәтижесінде миллионер болды» деген жылды сөздер де айтылды. Тың салаларға нар тәуекел деп кірісіп кету және осындай табысқа жету үшін адамға қандай қасиет керек және қандай жолдардан өту қажет?


– Менің бұл істі бастауыма ауылда білікті педагогтардың жетіспеушілігі әсер етті. Жалпы мықты мұғалім ауылда да, қалада да аз. Бірақ ауылға көбірек керек. Өзім 6-сыныпты бітіргеннен

үшін мида «рамка» болмау керек. Екінші шешім қабылдай алу қажет, ол деген – жауапкершілікті өз мойнына алу деген сөз.

– Елімізде осындай тағы қандай платформалар бар? Олардан айырмашылығы қандай? Daqyn.online – бұл барлық пәнінен қосымша білім беру платформасы ма, әлде толықтай мектеп бағдарламасын қамти ма?

– Карантинге дейін олардың саны үшеу болса, қазір жиырма шақты. Негізі, бүгінде нарықты қамтып отырған басты үш жоба бар. Олар – Kundelik.kz, Bilimland.kz, үшіншісі – біз. Біздің ерекшелігіміз – бейімдейтін білім беру, оқыту барысында жарыстар, ойындар өткізу арқылы қызықтыру. Сондай-ақ қосымша білім беріп, шетелге оқуға түсуге арналған курстар өткіземіз, музыка, робототехника саласы және мектеп бағдарламасы бойынша білімді толық қамтимыз. Шетелде мұндай тәжірибе көп. Платформада 400-ге жуық адам жұмыс істесе, соның ішінде 90 адам бас кеңселе, қалғандары өңірлерде еңбек етеді. Платформа карантинге дейін жасалған, карантин біткеннен кейін де тоқтамайды. Онлайн-білім пайдасы екенін біліп алғандар әрі қарай жалғастыра берері анық. Жалпы болашақта онлайн-білім мен қызмет түрлері қарқынды дамиды. Өйткені бұл – уақыт пен қаржыны үнемдей отыра сапалы білім алу жолы. Ал бұл тиімділіктер қазіргі нарық заманының адамына қатты ұнайды.

– Енді басты тақырыпқа



naïma.kz.2012@bk.ru

Наïма НУРАЛЫҚЫЗЫ

КӨПШІЛІГІ ШЕТЕЛДЕ ТЫНЫҒАДЫ

Нт.kz туристік агенттігінің директоры Максим Банни шетелде тынығуды таңдайтын қазақстандықтардың көбейгенін айтып, биыл бірқатар танымал елдерге тур бағасы арзандағанын жеткізді.

– Қазіргі уақытта қазақстандықтар арасында ең танымал орын – Мысыр. Жыл басынан бері Шарм-эль-Шейхке – 2000, Дубайға, Рас-эль-Хаймаға 1500 тур сатылды. Бүгінде Біріккен Араб Әмірлігінде ауа температурасының аса жоғары болуына байланысты сұраныс төмендейді, сондықтан 6 күндік жолдама құны 90 мың теңгеден басталады. Ал Мысырда 11 күндік демалыс орта есеппен 190 мың теңге тұрады. Бұл бағаға қонақүйден орны, ыстық тамақ, трансфер мен медициналық сақтандыру кіреді. Сонымен қатар Нұр-Сұлтаннан Черногорияға бағытталған 7 күндік жолдама құны 220000 теңге болады, ал елорда мен Алматыдан Түркияға 6 күндік жолдама тек өзіңізге 250000 теңгенің шамасында болып тұр. БАӘ-ге сапарлағыңыз келсе, Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларынан қатынасыз, 6 күндік жолдама тек өзіңізге 165 мың теңгеден басталады.

Ішкі туризмге тоқталайық. Туристік компанияның көмегіне жүгінсеңіз, Балхаштағы үш күндік демалыс – 40000 теңге, ал екі күнге 32 мыңнан түседі. Бұған жол шығыны, қонақүй, үш мезгіл тамақ, түрлі ойындар мен Бекбау атаға саяхат кіреді. Сонымен қатар сіздің жаныңызда қалағаныңызша суретке түсіретін кәсіби фотограф пен жолсерік болады. Шымкент пен Түркістанға саяхаттағыңыз келсе, жолдамалар құны 3 күнге – 40000, ал екі күнге 30 мың теңгеге шығады. Бұған 4 жұлдызды қонақүйден орны, 3 мезгіл ыстық тамақ, Ақмешіт үңгірі, Домалақ ана, Арыстан баб кесенелері, Қожа Ахмед Ясауи мемориалдық кешені, Таухар ана кесенесі, Ақсу каньоны мен «Керуен сарайға» сапар кіреді. Ескеретін жайт, басқа қаладан онтүстік өңірге бару үшін билет шығынын өзіңіз көтересіз. Елордадан Баянауылға барам десеңіз, 1 күнге – 13000, ал 2 күнге – 30000 теңге. Зерендіге бір күндік жолдама бағасы – 10000 теңге, туристерді астанадан бір уақытта автобуспен алып кетіп, түнде қайта қалаға жеткізіп салады. Бұл бағаға ыстық шай мен тәттілер, ойындар, кәсіби фотографтың қызметі кіреді.

ЖОЛДАН ГӨРІ ЖАТЫН ОРЫН ҚЫМБАТ

Бағаларын бағамдасақ, Нұр-Сұлтаннан Мысырға 6 күндік тур бағасы екі адамға – 572000 теңге, ал Грузияға 10 күндік демалыс бір адамға – 145500 теңге. Бұл бағаға ұшақ билеттері, қонақүйден орны, ыстық тамақ, трансфер мен медициналық сақтандыру кіреді. Сонымен қатар Нұр-Сұлтаннан Черногорияға бағытталған 7 күндік жолдама құны 220000 теңге болады, ал елорда мен Алматыдан Түркияға 6 күндік жолдама тек өзіңізге 250000 теңгенің шамасында болып тұр. БАӘ-ге сапарлағыңыз келсе, Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларынан қатынасыз, 6 күндік жолдама тек өзіңізге 165 мың теңгеден басталады.

Ішкі туризмге тоқталайық. Туристік компанияның көмегіне жүгінсеңіз, Балхаштағы үш күндік демалыс – 40000 теңге, ал екі күнге 32 мыңнан түседі. Бұған жол шығыны, қонақүй, үш мезгіл тамақ, түрлі ойындар мен Бекбау атаға саяхат кіреді. Сонымен қатар сіздің жаныңызда қалағаныңызша суретке түсіретін кәсіби фотограф пен жолсерік болады. Шымкент пен Түркістанға саяхаттағыңыз келсе, жолдамалар құны 3 күнге – 40000, ал екі күнге 30 мың теңгеге шығады. Бұған 4 жұлдызды қонақүйден орны, 3 мезгіл ыстық тамақ, Ақмешіт үңгірі, Домалақ ана, Арыстан баб кесенелері, Қожа Ахмед Ясауи мемориалдық кешені, Таухар ана кесенесі, Ақсу каньоны мен «Керуен сарайға» сапар кіреді. Ескеретін жайт, басқа қаладан онтүстік өңірге бару үшін билет шығынын өзіңіз көтересіз. Елордадан Баянауылға барам десеңіз, 1 күнге – 13000, ал 2 күнге – 30000 теңге. Зерендіге бір күндік жолдама бағасы – 10000 теңге, туристерді астанадан бір уақытта автобуспен алып кетіп, түнде қайта қалаға жеткізіп салады. Бұл бағаға ыстық шай мен тәттілер, ойындар, кәсіби фотографтың қызметі кіреді.

Түркістандағы қонақүйлердің бағасы ұшып тұр, турдан түнеуің қымбат дейді жақында «Керуен сарайға» сапарлап келген Асылмұрат Бекжігітова.

– Ең арзаны – күніне 21000 теңге. Кей қонақүйлердің бір түндік бағасы 60000, 80000 теңге болып тұр. «Керуен сарайдағы» отельде – 30 мың теңге. Алайда сервис пен баға сай келмейді, кәсіпкерлер Түркістан облысы болды деп, ашкөздікпен бағаны шарықтатуда. Турдан түнеуің қымбат, іздеп жүріп бір түнге 6 мың теңге алатынын тауып алдым. Дегенмен танымал қонақүйлерге барсаң, екі орын үшін 355 мың теңге сұрайды. Шетелдерге де шығып жүрмін ғой, бірақ мұндай бағаны еш жерден көрген жоқпын, – деді ол.

ЕЛ ІШІНЕ ДЕ СҰРАНЫС БАР

Өткен жылы 8 миллионға жуық қазақстандық отандық туризмді таңдаған, бұл бір жыл бұрынғы көрсеткішпен салыстырғанда 6,9 пайызға аз. Дегенмен Global.go туристік фирмасының негізін қалаушы Мақсат Алтынбеков індет келгені ішкі туризмге сұраныс артқанын, жағдай әлі оңала қоймайды дейді. – Индеттен кейін ел ішінде тынығуды таңдайтындар көбейді. Дегенмен халық тауға шығамыз деп барады, алайда көп жерлерде

# ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚАЙДА ДЕМАЛАДЫ?



Шарын шатқалында орын алған қайғылы оқиға отандық туризмнің бағасы қымбат, жолы жаман, қызмет көрсету сапасы төмен дегенге беретін тізімге қауіпсіздіктің қадағаланбайтынын қосып берді. Экскурсия барысында адам өлімі болды. Сел болмағанда жыл – он екі ай жүздеген турист баратын танымал нысанда сақтық шараларының сақталмайтынын ешкім ескермес пе еді... Бір жыл бойы жүріс-тұрысы әбден шектелген, санасын үрей билеген жұрт биыл қайда барып шаршағанын басады? COVID-19 келгені туризм саласы тұйыққа тірелді. Жаз болса шетел асатын қазақстандықтар қалаған еліне кете алмады. Тур бағасы артып, туристерге қойылар талап күшейді. Есесіне ішкі туризмнің жандануына жол ашылды. Ендігі мәселе – еліміздегі саяхат дамудың даңғыл жолын табу ма? Жалпы отандық туризмнің тағы қандай күрмеулі тұстары бар? Бурабайға барғандар неге ашуға булығып қайтты? Зерттеп көрдік.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ХАЛІ МҮШКІЛ

Astana Travel туркомпаниясының гид-нұсқаушысы Бақдәулет Ергали демалыс аймақтарының 90 пайызында инфрақұрылымның халі мүшкіл деп отыр.

– Біріншіден, демалыс аймақтарының 90 пайызында жол нашар. Екіншіден, қонақүйлерде, дүкендердегі азық-түлік бағасы қымбат. Сонымен қатар гидтердің ағылшын тілін білмеуі де кедергі болып отыр. Өйткені шетелден туристер келеді, бірақ оларға керемет жерлеріміздің ерекшеліктерін айтып, түсіндіріп беретін гид немесе тактишанада жазылып тұратын ақпарат жоқтың қасы, – деді ол.

САЛАДА ОҢ ӨЗГЕРІС КЕМ

Дағдарыстың жаңа мүмкіндіктерге алу ашытынын ескерсек, кәсіпкерлер мен инвесторлар жұмысы жанданады деген Kazakh Tourism ұлттық компаниясының баспасөз хатшысы Ернұр Кенжебеков салань оңалатынына уәде берді.

– Үкімет қонақүйлер мен жол бойындағы сервис объектілерін салу бойынша шығынның 10 пайызын, сондай-ақ туристік көліктерді сатып алуға, тау шаңғысы курорттары үшін техника мен жабдықтарды сатып алуға шығынның 25 пайызын өтеуді көздеп отыр. Оған қоса, отандық туроператорлар шетелдік туристерді елімізге кем дегенде 4 күнге шақырған жағдайда арқайсысының 15 мың теңге көлеміндегі шығынын қайтару қарастырылған, – деді баспасөз хатшысы.

Al Palm Travel турагенттігінің жетекшісі Асқар Ақтілеу ішкі туризмдесе Қарқаралыға барып, тамақтанатын орын таппай қиналғаны, Сарайшыққа жету үшін жол билетін тәуір таксиді іздеп әлек болғаны есіне түсетінін жеткізді.

– Қыстығуни Қарқаралыға бардық. Көлік, жеткеннен кейін жататын жер, тамақтанатын орын табу қиын болды. Ақшамыз бола тұра, аш қалдық. Себебі дүкен жоқтың қасы. Содан бері Қарқаралыдан көңілім қалды. Тағы бір жолы Атыраудағы Сарайшыққа ат басын бұрдық. Қарапайым, Атыраудан Сарайшыққа баратын такси табылмады, табылса жолды жөнді білмейді. Өзіміз картаға қарап отырып өрең жеттік. Үшінші, Бозжыраға барғанда туристер үшін ешбір жағдай жасалмағанына көзім жетті. Қарапайым, қауіпсіздік қадағаланбайды. Тауға шыққанда аса сақ болмасаң, құлап кетуің әбден мүмкін, – деді ол.

ҚАУІПСІЗДІКТІ КІМ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ?

Бодрумды араласаңыз, көшеде кезіккен екі адамның бірі турист екеніне көзіңіз жетеді. Себебі жолы тегіс, теңіз жағалауында суға түсіп, күнге қыздырынуға жақсы мүмкіндіктер қарастырылған. Әрине, туристер үшін мұндай жағдай тек Бодрумға ғана емес, бүкіл Түркия еліне тән артықшылық деуге болады.

– Түркияның бюджетіне негізгі кіріс осы туризм саласынан түседі. Түркияда кез келген тынығу орындарынан қауіпсіздік қағидалары жазылған тақтайшаларды кездестіресіз. Бізде ондайды ешбірін көрмейсің. Біз шетелге шықсақ, ғұмырымызды туристік компания сақтандырып береді. Ал елімізде Түркістанда, Шарын шатқалында орын алған қайғылы оқиғалар осы жайдың бетін ашты. Кім қай жерге демалуға кетіп, кім ұйымдастырып жатыр, ешбірі қадағаланып жатқан жоқ. Түркияда гид болу үшін университетте кемі 5 жыл оқу керек, жұмыс тәжірибесінің болуы міндетті. Өз басым Баянауылға баруды жоспарлап отырмын, десе де қорқыныш бар, – деді Асқар.

ЕЛДЕ ДЕМАЛСАҢ – ЖЕНІЛДІК БАР

2020 жылы еліміздегі қонақүйлерге, демалыс орындарына 250 мыңнан аса шетел азаматы тоқтаған. Kazakh Tourism ұлттық компаниясының баспасөз хатшысы Ернұр Кенжебеков 2021 жылы елімізге келетін шетелдік туристердің саны 6000-ға жетуі ықтимал деп отыр. – Ішкі туризм бойынша курортты аймақтарда туристер санының артқаны байқалады. Курортты аймақтарда демалатын орындар саны 35 пайызға артып, демалушылар саны 1,68 млн болған. Сондай-ақ Қазақстан ЕАЭО аумағында «COVID-19-сыз саяхат» қосымшасына маусымның соңында қосылады деген ақпарат бар. Бұл өңіраралық туризмді дамытуға ықпал етеді, – деді Е.Кенжебеков.

Kazakh Tourism ұлттық компаниясының дерегіне, 2022 жылы Kids Go Free бағдарламасы іске қосылады. Ол бойынша 1 ересек адаммен бірге 2-14 жас аралығында екі бала тегін ұша алады. Мұндай жеңілдік жол шығынын 30 пайызға азайтуға мүмкіндік береді.

ЖАСЫБАЙ ЖАҒАСЫ ЖАҚСАРА МА?

– Жасыбайдың жағасы көңіл көншітпейді. Халық ішкен-жегенінің қалдығын қайда төгерін білмей сандалады. Алайда қоқыс салатын жәшік жоқ емес, бар. Қоқысты тазалап, төгіп жүрген жан жоқ. Жақында отбасымызбен Алакөлге бардық. Ахсаналарынан тамақтандық, алайда тазалықтың сақталмайтыны төбетімізді қашырды. Ішіп отырған асының шыбын-шіркейдің түсіп кетпегеніне ешкім кепілдік бермейді, – деді қала тұрғыны Зарина Дәулетова.

Al Limon.kz туристік операторының директоры Алмас Маратұлы болса, керісінше, ұлттық парктерге, демалыс орындарына қоқыс жәшіктерінің қажеттілігі шамалы деген пікірде.

– Меніңше, ұлттық парктерге қоқыс тастайтын жәшіктерді көптеп қоюдың қажеті жоқ. Себебі адам көп келеді, ол жәшіктер толады. Жел болады, ол қоқыстар ұшып, бүкіл аумақты ластайды. Келген адам өз қоқысын өзімен алып кеткен жағдайда ғана біз бұл мәселені шеше аламыз, – деді ол.

БУРАБАЙДЫҢ БАҒАСЫ БУРАДАЙ

Журналист Аида Өмірзақ биыл Мысырға саяхаттап келіпті. Сонымен қатар екі күнге Бурабайға да барған. Айтуынша, отандық туризмді таңдағысы жоқ, оған себеп – турдың қымбаттығы мен сапаның жоқтығы.

– Биыл 10 күнге 256 мың теңгеге Мысырға тур сатып алдым. Көңілімнен шықты, ол жақта азық-түлік, киімдер де арзан екен. Мен төртжүздік қонақүйде түнедім, соның өзінде тазалық сақталмайды екен. Дегенмен отандық туризмнен гөрі шетелде тынығуды таңдаймын. Себебі бізде баратын, көретін жерлер көп болғанмен, қымбат. 28 мың теңгеге Каирге бардым, Қызыл теңізге түстім. Танымал мейрамханасынан тамақтанып, мешітке бас сұқтым, қаланы араладым. Ал бұл ақшаға Бурабайда екі күн ғана демала аламын әрі ерекше әсер сыйламайды, – деді ол.

Блогер Альбина Бектенова жақында Бурабайға барып, тынығудың орнына өкініп қайтқанын желіге жар сала жазды. Айтуынша, жай ғана қонақүйге кіріп, бөлме алу үшін кіреберістегі күзетші әр адамнан 10 мың теңге талап еткен.

– Бурабайға достарымызбен бірге бардық, қонақүйдің маңына тоқтадық, ал енді бөлме алайын десек, ішкі кіргізбейді. Кіреберісте күзетшілер жай ғана ішке кіру үшін әрқайсымыздан 10000 теңгеден талап етті. Қонақүйдің жаңа заңы солай екен. Біз бұған дейін 100-ге жуық елде болғанбыз, біреуінде мұндай бассыздықты көрмедік. Қазақстандесең өзіңе тиеді, осылай кете берсе, отандық туризм ешқашан дамымайды, – деп жазба қалдырды ол.

Бұл пікірмен белсенді Нұрымжан Жұмағазиев та келіседі. Өткен жексенде ғана барып келген ол Бурабайда ыстық су жоқ деп налыды:

– Демалыс күндері Бурабайға барып тұрамын. Бірақ бұл жерден ыстық су табу қиын. Қарапайым халық құлайын деп тұрған дүңгіршектерді жалдап жатады. Одан палаткада жатқан әлдеқайда артық.

100-ден АСА ШАРА ЖОСПАРЛАНҒАН

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында туризм саласында республикалық және өңірлік деңгейде 100-ден астам іс-шара ұйымдастыру жоспарланған. Бұл туралы Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың халық

алдындағы есептік кездесуінде мәлімдеген болатын.

– Маусым-қыркүйек айларында Алматы қаласының туристік орындарында қолөнершілердің қатысуымен «Ұлы дала мұрасы» жәрмеңкесін өткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар ұлттық тағамдар мен Қазақстан халықтарының тағамдарын танымал ету мақсатында Kok bazar fest, Ақтөбе облысында «Көшпенділер мұрасы», Шығыс Қазақстан облысында Bıqtıgma fest сияқты әр өңірге тән фестивалдерін ұйымдастыру көзделген. Этнотуризмді дамыту мақсатында маусымның соңына дейін Қарағанды облысының Ұлытау ауданында «Жошы хан» тарихи-мәдени кешенін ашу, шілде айында Шығыс Қазақстан облысында «Абай жолымен» ақпараттық туры және тағы басқа іс-шаралар өткізіледі, – деді ведомство басшысы.

Сонымен қатар Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай елдің бірегей тарихи-мәдени және табиғи көрікті жерлерін қамтитын 30 жаңа трансұлттық және өңірлік туристік өнімдерді әзірлеу бойынша жоба іске асады. Сонымен қатар Ақтау курорттық аймағында парк, гольф алаңы, сауда орталығы, қонақүйлер салу мен Маңғыстау облысындағы көпфункционалды емдеу-сабынғыту кешенінің құрылысы жоспарланған.

ҚАШАҢҒЫ КҮРКЕДЕ ТҮНЕЙМІЗ?

Қала тұрғыны Ғалия Мұханбет Ташкент пен Самарқандты екі күн аралап, аса бір тамсанатын дүние таппағанмен, өзбектердің турист тартудағы тәсілдеріне тәнті болып қайтыпты.

– Өзбекстанға бар-жоғы 30 мың теңгеге демалып қайттым. Бір күн Ташкентте, екінші күні Самарқандта болдық. Ташкент – ескі қала, Самарқанд та солай, аса бір алып бара жатқан кереметі жоқ. Тарихи орындарына, кесенелеріне кіру бізге 3000 теңге болса, өздерінің адамдарына 300 теңгеден екен. Сол жағы ұнады, өзбектер сырттан келетін туристер арқылы қазынаны толтыруға басымдық беріп отыр. Туристердің көңілін табады, елінің жаманын жасырып, жақсылығын асырып айтады. Бәрі арзан, таза, тамағы дәмді. Мен өзбекше білетінімді пайдаланып әбден саудаластым. Нәтижесінде біраз заттарды екі есе төмен бағада сатып алдым, – деді ол.

Сонымен қатар Ғалия биыл 25 мың теңгеге Бурабайға саяхаттағанын айтып қалды. Алайда табиғат аясында тынығам деп барып масаға таланып, аяқ-қолы ағаш-бұталарға жырылып, әбден шаршап қайтыпты.

– Қонақүй қызметкерлері ісіне салғырт қарады. Отандық туризмді дамыту үшін осы салаға жаны аштыны, табиғатты жақсы көретін адамдар қажет. Келесі – креатив керек. Мәселен, судың бетіне мейрамхана тұрғызса болды ғой. Су бетінде, таза ауада отырып тамақ ішуді ұйымдастырса, бәрі барушы еді. Әйтпесе қайыққа отырып алып Оқжетпеске барады жұрт, оның несі қызық? Адам ақшаны ғана емес, табиғаттың таңғажайып көрінісін басқалармен бөлісуді қаласа, бұл сала оңалады. Сонымен қатар Йордания шөліндегі ерекше қонақүйлер қазір танымалдыққа ие болып жатыр. Бізгеді Бозжыраға неге сондай ерекше мейрамхана я қонақүйлер тұрғызбасқа? – деді ол.

Palm Travel турагенттігінің жетекшісі директоры Асқар Ақтілеу де бұл пікірмен келісіп отыр. Табиғаты ерекше жерге қонақүй сала бастаса, халық, белсенділер табиғатты бүлдіреді деп қарсы шығады, ал жөнді қонақүй болмаса, шетелден туристер қайтып келгені деді ол.

«Әлеуметтік желілерде Бозжыраға қонақүй салуды деп назарымыз біз үйшіктерге барамыз, шетелдік туристерді тарту үшін оған лайықты қонақүйлер болу керек қой. Ал бізде халыққа түсіндіру жұмыстары жүргізілмейді, сондықтан білмей жатып қарсы шығады. Ал инвесторлар келуге жүресінеді. Содан ішкі туризм тұралап тұр» дейді ол.

**P.S:** Қорытындысында Анкараға барасыз ба, әлде ауылдағы демалысты таңдайсыз ба – өз еркіңізде. Бастысы, қайда шығам десеңіз де коронавирусты жоғын дәлелдейтін ПТР-тесттің қажет. Сонымен қатар елімізде әуежайға келген жолаушы Ashyq жүйесі арқылы өзінің коронавирусты жұқтырмауға қатысты статусты анықтап, рұқсаты болса ғана ұшаққа отыра алады. Грузия, Черногория мен Хорватия біздің вакцина паспорты бар туристерді ПТР-тестсіз қабылдайды, ал қалған елдерге барарда вакцинаңыз болса да ПТР-тест тапсырасыз.

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ**  
Нұр-Сұлтан қаласы 04.06.2021 №46/6-VII

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ**

Нұр-Сұлтан қаласы	04.06.2021	№511-1977
	04.06.2021	№44/6-VII

**Нұр-Сұлтан қаласының кейбір білім беру және мәдениет ұйымдарына атау беру туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы 13-бабының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуесжайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Нұр-Сұлтан қаласының мынадай білім беру және мәдениет ұйымдарына:

1) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 54 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына Ақселеу Сейдімбектің есімін;

2) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 86 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Мұхтар Әуезовтың есімін;

